**«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы 2025 жылға дейін ұзартылсын.**

жылғы деңгейден 1,5 есеге арттыру, белсенді жұмыс істейтін ШОК субъектілерін 2014 жылғы деңгейден 50%-ға арттыру және ШОК субъектілерінің санын 2014 жылғы деңгейден 50%-ға арттыру жоспарланып отыр. Бағдарлама іске асырылған бес жылдық кезеңде (2015-2019 жылдар) оған бөлінген қаржыландыру көлемі 276 млрд. теңге, соның ішінде республикалық бюджеттен - 154 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен - 90 млрд. теңге, Ұлттық қор қаражаты – 31,5 млрд. теңге.



**ШОК субъектілерін қолдау бағдарламаларын іске асыру несиелендірудің айтарлықтай ұлғаюына әкеп соқты.** Қазіргі уақытта мемлекеттік бағдарламаға қатысушылар үшін пайыздық мөлшерлемені субсидиялау құралын пайдалану арқылы екінші деңгейдегі банктер жалпы алғанда 1 трлн. теңгеден асатын сомаға несие бөлді. Басым салаларды дамыту үшін мемлекеттік бағдарламалар аясында **шамамен 100 млрд.**

**теңге сомасына кепілдендірілген несиелер берілді**, бірінші кезекте өңдеуші өнеркәсіпке берілді, олар алған несиенің мөлшері – 34 млрд. теңге.

Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік белсенді дамып келеді. 2010 жылдан бастап 2017 жылға дейін белсенді ШОК субъектілерінің саны 661598-ден 1145994-ке дейін өсті, бұл өсім орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларын қоспағанда, кәсіпкерліктің барлық түрлерінде байқалды.

***Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің саны, бірлік***

барлығы		соның ішінде			
		шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары	орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары	жеке кәсіпкерлер	шаруалар және фермерлер қожалығы
<b>2010 жыл</b>	661 598	66 492	8 712	416 085	170 309
<b>2011 жыл</b>	846 111	64 457	9 028	589 640	182 986
<b>2012 жыл</b>	809 750	62 888	8 388	573 618	164 856
<b>2013 жыл</b>	888 233	61 076	8 312	660 262	158 583
<b>2014 жыл</b>	926 844	74 829	4 559	694 759	152 697
<b>2015 жыл</b>	1 242 579	175 679	2 897	882 849	181 154
<b>2016 жыл</b>	1 106 353	189 637	2 711	736 121	177 884
<b>2017 жыл</b>	1 145 994	208 742	2 618	747 107	187 527

Шағын және орта бизнес Қазақстан экономикасына өз үлесін қосуда - өндіріс көлемі де, елдің ІЖӨ-дегі үлесі де біртіндеп өсіп келеді. 2017 жылдың соңында ШОК субъектілерінің үлесі шамамен 27%-ға жетті, ал 2010 жылдан бері шағын және орта бизнестің өндіріс көлемі үш есе өсті.



*Өнімдерді шығару көлемі және ШОК-тің Қазақстанның ІЖӨ-дегі үлесі.*

Шағын және орта бизнес халықты жұмыспен қамтамасыз етуде жетекші сегмент болып табылады. 2017 жылдың соңында ШОК 3190 адамды жұмыспен қамтыды, бұл 2010 жылғы деңгейден 21%-ға жоғары (2630 мың адам), бұл кәсіпкерліктің осы түрімен айналысатын адамдардың қарқынды өсуін көрсетеді.

ШОК-тің экономикадағы маңызды рөлін және «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының тиімділігін ескере отырып, бағдарламаны **2025 жылға**

**дейін** ұзарту және оны жүзеге асыру үшін кем дегенде **30 млрд. теңге** бөлу туралы шешім қабылданды.

Жолдауда айтылғандай, бұл

3 жыл ішінде қосымша кемінде **22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің** өнімін өндіруге мүмкіндік береді.

**Бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан және қылмыстық қудалау қаупінен қорғауды арттыра түсу керек.**

## ТКШ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР САЛАСЫ

Президент ТКШ қызметтеріне және табиғи монополияларға тарифтерді реттеу, сондай-ақ осы саладағы бәсекелестікті дамыту қажеттігін айтып өтті.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ТКШ-ны жаңғыртуды жеделдету мақсатында мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары қарастырылған: бюджеттік несиелендіру, «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын жылу және сумен жабдықтау және суды ағызу жүйелерін салу мен қалпына келтіруді субсидиялау.

### *ТКШ саласындағы инвестициялық бағдарламалардың негізгі мақсаты*

#### Бюджеттік несиелеу бағдарламасы

- жылу, су беру және су ағызу желілерінің тозуын 67%-дан 53%-ға дейін төмендету және тұтынушыларға көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру;
- шектілік тарифтер принциптерін қолдану арқылы және салалық инвестициялық трансферттерді бюджеттік несиелер мен жеке капиталмен ауыстыру жолы арқылы саланы коммерцияландыру процесін бастау
- саланың бірыңғай техникалық стандарттарға өтуі.

#### Субсидиялау бағдарламасы

- желінің тозуын азайту мақсатындағы жылу және сумен жабдықтау, су ағызу жүйелері құрылысы, қайта құру және жаңғырту жобаларын жүзеге асыру, жобаның шығындарының бір бөлігін тікелей қаржыландыру арқылы ұсынылатын қызметтер сапасын жақсарту.

### Бюджеттік несие беру

Жобаны іске асыру үшін қаржыландыру республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) арқылы табиғи монополиялар субъектілерін (ТМС) әрі қарай несиелендіру үшін бөлінеді. Аталмыш механизмнің басты міндеті өңірлерге бөлінетін қайтарылмайтын трансферттердің қайтарымдылығы болып табылады.

Қаржыландыру келесі шарттарда жүзеге асырылады: ЖАО үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,01%, ТМС үшін жылдық 0,02%.

Сонымен қатар, несиелендіру мерзімі 20 жылға дейінгі мерзімді құрайды. ТКШ жобаларының инвестициялық кірістілігінің төмендеуіне байланысты несиелік кезеңнің 1/3 бөлігінің жеңілдікті кезеңі бар.

Бюджеттік несиелендіру бағдарламасы шеңберінде 2015 жылдан бастап 2018 жылдың бірінші жарты жылдығына дейінгі кезеңде мақсатқа қол жеткізу үшін 229,4 млрд. теңге бөлінді, **3502 км** желілер салынды және қалпына келтірілді, соның ішінде 20 қазандық, 15 сорғы станциясы және 1 тұщыландыру зауыты бар.

**«Нұрлы жол» ИДМБ іске асырудың 2015 жылдан бастап 2018 жылдың 1-ші жарты жылдығына дейінгі кезең бойынша қорытындысы**

Жыл	Бөлінген қаражат	Жобалар саны	Негізгі қорытындылар
2015 жыл	60 млрд. теңге	92	258,8 шақырымдық желі құрылды және қалпына келтірілді, соның ішінде.; <ul style="list-style-type: none"> <li>• 185,5 шақырымдық жылумен қамтамасыз ету желісі;</li> <li>• 73,3 шақырымдық сумен қамтамасыз ету желісі және суды кәріздендіру;</li> <li>• 14 қазандық; • 3 сорғы бекеті.</li> </ul>
2016 жыл	87 млрд. теңге	119	1613 шақырымдық желі құрылды және қалпына келтірілді, соның ішінде.; <ul style="list-style-type: none"> <li>• 111 км жылумен қамтамасыз ету желісі;</li> <li>• 1200 шақырымдық сумен қамтамасыз ету желісі;</li> <li>• 302 шақырымдық суды кәріздендіру желісі.</li> </ul>
2017 жыл	48 млрд. теңге	103	1216 шақырымдық желі құрылды және қалпына келтірілді, соның ішінде.; <ul style="list-style-type: none"> <li>• 95 шақырымдық жылумен қамтамасыз ету желісі;</li> <li>• 1044 шақырымдық сумен қамтамасыз ету желісі;</li> <li>• 77 шақырым суды кәріздендіру желісі.</li> </ul>
2018 жылдың бірінші жарты-жылдығы	34,4 млрд. теңге	55	410 шақырымдық желі құрылды және қалпына келтірілді, соның ішінде.; <ul style="list-style-type: none"> <li>• 55 шақырымдық жылумен қамтамасыз ету желісі;</li> <li>• 72 шақырымдық сумен қамтамасыз ету желісі;</li> <li>• 283 шақырымдық суды кәріздендіру желісі.</li> </ul>

2015 жылы бөлінген қаражаттың басым бөлігі (85%) жылумен жабдықтау саласындағы жобаларға бағытталды. Бұл желілердің тозуын 70%-дан 68%-ға дейін, 100 шақырымындағы апаттылықты 33-тен 20 бірлікке дейін азайтты. Экономикалық әсер жылына 254 117 Гкал немесе 2,1 млрд. теңгені құрады.

2016 жылы 87 млрд. теңгеден 43,3 млрд. теңге - 33 жылумен жабдықтау жобаларын іске асыру үшін бөлінді, 32,7 млрд. – 63 сумен жабдықтау жобаларына және 11 млрд. теңге – 23 су тарту жобаларына бөлінді.

2017 жылы 20,3 млрд. теңге сомасына жылумен жабдықтау желілерін жөндеу мен қалпына келтіру бойынша 23 жоба, 17,7 млрд. теңге сомасына сумен жабдықтау желілері бойынша 66 жоба, 9,9 млрд. теңге сомасына су тарту желілері бойынша 14 жоба жүзеге асырылды.

2018 жылы 23,3 млрд. теңге сомасына жылумен жабдықтау желілері бойынша 55 жобаның 29-ы жүзеге асырылды, 7,3 млрд. теңге сомасына сумен жабдықтау желілері бойынша 17 жоба және 3,8 млрд. теңге сомасына су тарту желілері бойынша 9 жоба жүзеге асырылды.

### **Субсидиялау бағдарламасы**

Субсидиялау бағдарламасы ТКШ саласындағы жобаларға қаржы институттарына несие тартатын ТМС субъектілеріне мемлекеттік субсидиялар бөлуді көздейді. Бұл бағдарламаның операторы 2016 жылдан бастап «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ болып табылады.

ТМС жобалары мынадай жағдайларда субсидияланады: ЕҚҚДБ, АДБ және ЕДБ сияқты қаржы институттарынан қарыздарды тарту есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық жобаның құнынан 50%-ға дейін субсидиялау.

Субсидия субсидия алушыны техникалық сүйемелдеу және капиталды қажет ететін шығындарын төлеуге беріледі. Сонымен бірге, қаражат Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінеді.

**Субсидиялау бағдарламасын 2016 жылдан бастап 2018 жылдың  
1-ші жарты жылдығына дейін іске асыру қорытындысы**

Жыл	Бөлінген қаражат	Жобалар саны	Негізгі қорытындылар
2016 жыл	2,54 млрд тг	12	16,57 шақырым желілер, соның ішінде; 4,2 шақырым жылумен қамтамасыз ету желісі; 3,52 шақырым сумен қамтамасыз ету желісі; 8,81 шақырым суды кәріздендіру желісі; 1 Канализациялық-тазалау станциясын кеңейту үшін жер қазу жұмыстары жүргізілді.
2017 жыл	4,41 млрд тг	9	38,27 км желілер құрылды және қайта қалпына келтірілді, соның ішінде: 34,12 км жылумен қамтамасыз ету желісі; 7 блокттық жылу пункттері; 1 канализациялық тазалау құрылғысы.
2018 жылдың бірінші жарты-жылдығы	756,4 млн. тг	18	

## ЭКСПОРТҚА БАҒЫТТАЛҒАН ЭКОНОМИКА

**Экспортқа бағытталған индустрияландыру мәселесі экономикалық саясаттың негізгі элементі болуға тиіс.**

Жолдауда өңдеу секторындағы экспорттаушыларға қолдау көрсетуге баса мән беру, сондай-ақ қазақстандық тауарларларды өңірлік және әлемдік нарықта ілгерілету қажеттігі туралы айтылды. Сонымен бірге, халық тұтынатын тауарлардың ауқымды номенклатурасын игеру керек делінген, бұл экспорттық

әлеуетімізді жүзеге асыру тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ ішкі нарықты отандық тауарлармен толтыру үшін де маңызды деп белгіленді. Үкіметке өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдау мақсатымен алдағы 3 жылда қосымша **500 млрд. теңге** бөлу, ал Ұлттық банкке кемінде **600 млрд. теңге** көлемінде ұзақ мерзімге қаржы бөлу тапсырылды.

Бұл міндеттер өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, импортты алмастыру және шикізаттық емес экспортты қолдау бойынша іске асырылып жүрген бағытты ілгерілетеді. Мәселен, 2015-2019 жылдарға арналған Үдемелі


Үкімет өңдеу секторындағы **экспорттаушыларға қолдау көрсетуге баса мән беруі** қажет.

индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы 2015 жылмен салыстырғанда өңдеуші өнеркәсіптің экспорттық құнының 19%-ға өсуін, өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 22%-ға арттыруды, өңдеуші өнеркәсіпке салынған инвестициялар көлемін ұлғайтуды және оның энергия сыйымдылығын төмендетуді көздейді.

Елде 2025 жылға қарай шикізаттық емес тауарлар экспортының көлемін 2015 жылмен салыстырғанда екі есе ұлғайтуға бағытталған Ұлттық экспорттық стратегия іске асырылуда. 2017 жылдың аяғында өңделген тауарлардың жалпы экспорттағы үлесі 2015 жылғы 30,6%-дан 32,3%-ға дейін өсті.

Өңдеуші өнеркәсіп те қарқынды дамып келеді, бұл оның жалпы өнеркәсіптік өндірістегі үлесін 2010 жылғы 31,8%-дан 2017 жылы 41,2%-ға дейін арттыруға алып келді. Сонымен қатар, өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны мен ауқымдар бөлігімен қатар, экспорт бөлігіндегі жұмысының көрсеткіштері көбінесе сыртқы экономикалық конъюктураға байланысты болады және оның әлеуетін толық көрсетпейді, сондықтан оны дамыту бойынша шараларды, соның ішінде Жолдауда ұсынылған шараларды да қарқынды ету қажеттігін туындатады.





*Сурет. Өндіріс көлемі және Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік өндірісіндегі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі.*

Өңдеуші өнеркәсіп пен шикізаттық емес экспортты қарқынды дамыту міндетін іске асыру құралдарыны бірі **Тікелей инвестиция қоры** болмақ, оны құрудың қажеттігі Жолдауда айтылды.

Бұл қор ұлттық экономиканы жаңғырту контексіндегі ең перспективалы және сұранысқа ие салаларға мақсатты және нүктелі инвестицияларды жүзеге асыра алады және озық өңдеуші өнеркәсіптің өсу ошақтарын дамыту үшін локомотив ретінде әрекет ете алады. Көптеген елдерде тиімді даму институты ретінде дәлелденген тікелей инвестиция қорларының принципі инвесторларды (жеке, корпоративтік, шетелдік) тартумен және бизнесті одан әрі ілгерілетуді жеңілдету арқылы қаржыландыруды қамтамасыз ететін перспективалық жобаларды іздеуді талап етеді. Жолдауда айтылған Тікелей инвестиция қорының болжамды көлемі (300 миллиард теңге) басқа көздерден бірлесіп қаржыландыруды ескере отырып, Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға қуатты ынталандыруды қамтамасыз етеді.

## АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ӘЛЕУЕТІ

**Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керек.**

Экспорттық бағыт агроөнеркәсіп кешені үшін басты бағыттардың біріне айналуы тиіс, ол Жолдауда жүктелген міндеттерге сәйкес еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейтуге тиіс.



Бұл міндеттер ауыл шаруашылығын және АӨК шығаратын дайын өнімдерді қарқынды дамыту, сондай-ақ оны экспортқа шығару бойынша стратегиялық бағытқа кіреді. Атап айтқанда, 2015-2019 жылдарға арналған ҮИИД бағдарламасы азық-түлік өндірісі мен экспортын жетілдіруді көздейді. Осылайша, 2019 жылы азық-түлік өндірісінің жалпы қосылған құны 2012 жылдың деңгейімен салыстырғанда нақты 1,2 есе артуы қамтамасыз етілуі керек, экспорт та осындай көлемде өсуі керек. 2017 жылы азық-түлік тауарларының экспорты өткен жылмен салыстырғанда 11,7%, ал 2018 жылдың бірінші жартысында - 45% артты.

Соңғы он жылдықта азық-түлік өндірісі өнеркәсіптің ең қарқынды өсіп келе жатқан салалардың біріне айналды. 2010 жылдан бастап 2017 жылға дейін өндіріс көлемі 695-тен 1,526

млрд. теңгеге дейін (номиналды түрде 2,2 есе) өсті. Нәтижесінде бұл сала Қазақстан өнеркәсіптік өндірісінің 6,7% көлемін құрады (2010 жылы - 5,7%) және бұл тек өнеркәсіптік өсуге ғана емес, жалпы экономикаға айтарлықтай үлес қосады.

**Негізгі міндет - еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту.**

Жолдауда айтылғандай, АӨК-ті одан әрі дамыту елімізге заманауи агротехнологияларды ауқымды түрде тарту, ауыл шаруашылығы саласындағы беделді шетелдік мамандарды тарту арқылы саланы басқарудың үздік тәжірибесін пайдалану, ауыл кәсіпкерлеріне шаруашылық жүргізудің жаңа дағдыларын үйрету үшін жаппай оқыту жүйесін қалыптастыру сияқты факторлардың негізінде жүргізілетін болады. Сондай-ақ алдағы 3 жыл ішінде осы мақсаттарға жыл сайын қосымша кемінде 100 миллиард теңге бөлу қарастырылды.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК СЕКТОРЛАРДЫ ДАМУ

**Инновациялық және қызметтік секторларды дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн.**

Қазақстан экономикасының инновациялық деңгейін арттыру ұзақ уақыт бойында оның даму басымдықтарының бірі болып келеді. «Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы» жүзеге асырыла бастаған сәттен бастап, инновациялық қызметтің өсуі, жоғары технологияларды дамыту және тиісті салалар мен жобаларға инвестицияларды тарту, әзірленіп, жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар назарында болды.

Соңғы он жылдықта кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі, инновациялық өнімдердің көлемі және осы саладағы басқа да көрсеткіштер жақсарып келді.

**«Болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет.**

**Қазақстан Республикасында инновациялық белсенділіктің негізгі көрсеткіштері.**

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
<b>Инновациялық өнімнің көлемі, млн теңге</b>	142 166,8	235 962,7	379 005,6	578 263,1	580 386,0	377 196,7	445 775,7	844 734,9
<b>Кәсіпорындар мен ұйымдардың инновациялық белсенділіктерінің деңгейі, %</b>				8	8,1	8,1	9,3	9,6
<b>ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығын, млн теңге</b>	33466,817	43351,6	51253,1	61672,7	66347,6	69302,9	66600,1	68884,215

Сонымен бірге, заманауи әлемдік шаруашылық жүйесінің шындығы және жаһандық дамудың трендтері инновациялық саланы және оның Қазақстандағы басым бағыттарын айтарлықтай белсенді дамытуды талап етеді. Осыған байланысты, Жолдауда инновациялық қызметтің және «болашақтың экономикасының»

басым түрлерін дамыту басымдықтары аталды: баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн.

## ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ НАҚТЫ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

**Нақты экономиканы өркендету үшін қаржы секторының рөлін күшейтіп, ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет.**

Қаржы секторы, әсіресе оның банктік сегменті соңғы жылдары белгілі бір мәселелермен ауырлатылған даму үдерісімен ерекшеленеді, бұл көптеген банктерге мемлекеттік көмек көрсетуден бас тарту жағдайларына, сондай-ақ лицензияларды қайтару және жекелеген қаржы институттарын жабуға әкеп соқты. Сондықтан, азаматтар мемлекет тарапынан елеулі сомаларға кепілдік берілгеніне (және бұл кепілдік мөлшері ұлттық валютадағы депозиттерге екі есе ұлғайды) қарамастан, банктердегі депозиттердің сақталуына қатысты алаңдайды. Азаматтардың осындай алаңдаушылығы Жолдауда көрініс тапты, Президент банктердің орнықтылығы қазір жұрттың қызығушылығын тудырып отырғаны туралы айтты, осыған байланысты Ұлттық банк пен Үкіметке бірлесіп, қаржы секторын сауықтыру мәселесін жүйелі түрде шешуді бастау тапсырылды.



Банк секторының тағы бір өзекті мәселесі экономиканы, нақты секторды, оның ішінде экономиканы жаңғырту жолында басымдыққа ие өңдеуші өнеркәсіпті, сондай-ақ шағын және орта бизнес секторын несиелендіру болып табылады.

Банктердің экономикаға берілген несиелері жалпы алғанда өсіп келеді - егер 2010 жылдың басында олардың көлемі 7644 млрд. теңге болса, 2018 жылдың тамызында ол 13019 млрд. теңгеге дейін, яғни, шамамен екі есе өсті. Өнеркәсіптік несиелер одан да қарқынды өсіп келеді – олар 733 млрд. теңгеден 1914 млрд. теңгеге дейін өсті және банктердің несиелер портфелінің 2010 жылдың басындағы 9,6% көлеміне қарсы қазір 15%-ды құрайды.

	2010 жыл	2018 жыл
Банктердің несиелері	7644 млрд. теңге	13019 млрд. теңге
Өнеркәсіптердің несиелері	733 млрд. теңге	1914 млрд. теңге

Сонымен бірге, несиелердің өсу қарқыны өнеркәсіптің қажеттіліктерін және экономиканың өсу қарқынын артта қалдырады, сондықтан басым бағыттар бойынша несиелендіру саласында банктерді жандандыру қажет. Несиелендірудің өсуі белгілі бір деңгейде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау механизмдері және басым бағыттар бойынша, оның ішінде шағын және орта бизнеске арналған банктік несиелерді кепілдендіру механизмдерін ұсынатын «Бизнестің жол картасы - 2020» сияқты мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы ынталандырылады.

ШОК-ті қолдау бағдарламаларын іске асыру несиелендірудің айтарлықтай өсуіне алып келді. Қазіргі уақытта мемлекеттік бағдарламаға қатысушылар үшін пайыздық мөлшерлемені субсидиялау құралын пайдалану арқылы екінші деңгейдегі банктер жалпы алғанда 1 трлн. теңгеден асатын сомаға несиелер берді. Басым салаларды дамыту үшін **мемлекеттік бағдарламалар аясында шамамен 100 млрд. теңге сомасына кепілдендірілген несиелер берілді**, бірінші кезекте өңдеу өнеркәсібіне берілді, олар алған несиелердің мөлшері – 34 млрд. теңге.


Экономиканы қаржыландыру, әсіресе әлемдік тәжірибеде ұзақ мерзімді және арзан негізде қаржыландыруда маңызды рөлді банктік емес қаржы институттары - қор нарығы және оның қатысушылары атқарады. Қазақстанда осы институттарды дамыту бойынша күш жұмсалуда, жекешелендіру жүргізіліп жатыр, **елге жаңа шетелдік инвесторларды тартуға арналған «Астана» халықаралық қаржы орталығы құрылды.**




## ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ

Жолдауда тиісті міндеттер көрініс тапты – зейнетақы активтерін және сақтандыру жүйесінің ресурстарын басқару тиімділігін арттыру, бағалы қағаздар рыногы, сақтандыру сияқты және т.б. баламалы қаржы құралдарын нақты дамыту қажеттігі айтылды. БЖЗҚ-ға шоғырландырылған зейнетақы активтері де басым жобаларды ұзақ мерзімді қаржыландыру көзіне айналуы мүмкін. Қазіргі таңда **БЖЗҚ-ға шоғырландырылған зейнетақы активтерінің мөлшері 8,5 трлн. теңгеден асып кетті**, ол Қазақстанның шамамен 15% ІЖӨ сәйкес келеді. 2010 жылдың басынан бері қазіргі уақытқа дейін бұл көлем шамамен бес есе артты.





Көлемді және тұрақты өсіп отыратын БЗЖҚ жинақтары, сондай-ақ халықтың көпшілігінің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартылуы (салымшылардың міндетті зейнетақы аударымдары бойынша шоттарының саны шамамен 9,5 млн.) БЗЖҚ-ның Қазақстан экономикасындағы маңыздылығының артуын қамтамасыз етеді, ол осы активтер мен ІЖӨ ара-қатынасының артуынан байқалады, егер жылдың аяғында ол 8,8% болса, ағымдағы жылдың ортасында 15%-дан асып кетті.




**Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі өлшемдері<sup>3</sup>**

Зейнетақы активтерін басқару екі міндетті орындауды қамтамасыз етуге арналады – азаматтардың жинақтарының сақталуы және олардың табыстылығы. Басты міндет – сақталуы



болып табылады, ол консервативтік инвестициялық стратегияны және сенімді, бірақ көбінесе инфляция деңгейін өтпейтін төмен табысты құралдарға салымдарды алдын ала болжайды. Алайда соңғы жылдары зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігі артты.

2015 жылдан бері зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляцияны жауып отыр немесе жабуға жақын. Сонымен, 2015 жылы инфляция 13,6% болғанда жылдық инвестициялық кіріс 15,7% болды, 2016 жылы инфляция 8,5% болғанда, кіріс 8% болды, 2017 жылы 7,1% инфляцияға қарсы 7,9% деңгейінде қалыптасты, ал 2018 жылдың бірінші жарты жылындағы 2,7% инфляцияға қарсы, кіріс - 4,5 % болды.



**Зейнетақы активтері табыстылығының инфляция және зейнетақы жүйесінің инвестициялық портфелінің валюталық факторларымен салыстырмалы динамикасы, егер өзгесі көрсетілмесе - % <sup>4</sup>**

<sup>3</sup> Зейнетақы активтері табыстылығының инфляция және зейнетақы жүйесінің инвестициялық портфелінің валюталық факторларымен салыстырмалы динамикасы, егер өзгесі көрсетілмесе - %

<sup>4</sup> Келесі дереккөздер деректері бойынша есептеледі: ЖЗҚ номиналды кірісінің коэффициенті туралы ақпарат. Қаржылық көрсеткіштер. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; Инвестициялық портфель құрылымы. Қаржылық көрсеткіштер. Республика Ұлттық Банкі; Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.

Зейнетақы активтерінің табыстылығы артуының нәтижесінде олардың зейнетақы жинақтарындағы үлесі де өсті, бұлар оның басым бөлігін қамтып келеді. Егер Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 20 жылдық тарихының басым бөлігінде таза инвестициялық кірістің үлесі 22-25% шегінде құрылған болса, кейінгі жылдары ол өсе бастады және қазіргі таңда инвестициялық кіріс зейнетақы жинақтарының жалпы көлемінің үштен бірінен астам бөлігін құрайды.



**Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің инвестициялық кірісі мен оның зейнетақы аударымдарындағы үлесінің динамикасы.<sup>5</sup>**

Осылайша, **Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 20 жылдық тарихында алғаш рет** мемлекеттік зейнетақы қорында шоғырланған, Ұлттық банк басқаратын, зейнетақы активтерінің табыстылығы қатарынан бірнеше жыл бойы **инфляция деңгейін артта қалдырып келеді.**

<sup>5</sup> Қазақстан Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелді: жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

## II. ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

**5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ІЖӨ-нің 10 пайызына дейін жеткізу қажет.**

Әлемдік тәжірибеде білімге, ғылымға және денсаулық сақтауға кететін шығындар әлеуметтік дамудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады, өйткені олар мемлекет пен қоғамның адам капиталына көңіл бөлу дәрежесін көрсетеді. Сонымен қатар, білім беру, ғылым және денсаулық сақтау саласына инвестициялар елдегі адам капиталын ұлғайтудың және экономикалық даму перспективаларын жақсартудың маңызды әдісі ғана емес, сонымен бірге олардың өзіндік құндылығы да бар, өйткені олар халықтың ой-өрісін кеңейтуге ықпал етеді, өзін-өзі таныту мүмкіндігін қамтамасыз етеді, олардың материалдық әл-ауқаты мен салауатты өмір салтына ықпалын тигізеді.

Халықтың денсаулығын және олардың білімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығы БҰҰ тарапынан бірнеше рет айтылып жүрді, онысы бұл бағыттардың Тұрақты Даму Мақсаттарының тізіміне қосылуынан көрінді.



ДДҰ мәліметтері бойынша әлемнің дамыған елдерінде денсаулық сақтау шығындары елдің ІЖӨ көлемінің орта есеппен 9%-дан 12%-ға дейінгі бөлігін құрайды. 2017 жылы Қазақстанда денсаулық сақтау шығындары ІЖӨ-ден 1,787 трлн теңгені немесе 3,5% құрады.

Елдердің білім беру бойынша шығындары әртүрлі және ІЖӨ-нің 14%-ға дейінгі үлесіне жетуі мүмкін, алайда дамыған елдердің білім беру саласындағы шығындарының орташа статистикалық көрсеткіші 6-8% шегінде құбылады. Қазақстанда 2017 жылы білім беруге жұмсалатын шығындардың үлесі ІЖӨ-нің шамамен 3,8%-ын құрады.

Заманауи жағдайларда Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау, білім беру және ғылымға жұмсалатын шығындардың үлесін ұлғайтуды қажет етеді. Бұл міндет мемлекеттің әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру турасындағы стратегиялық мақсатын жүзеге асырумен қатар, жаһанданып келе жатқан әлем жағдайында қазақстандық азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету контексінде де өзекті болып табылады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Үкіметке жақын 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ІЖӨ-нің 10 пайызына дейін жеткізуді жүктеді. Бұл көрсеткіш әлемдік үрдістерге және әлемнің аса дамыған мемлекеттерінің тәжірибелеріне толық сәйкес келеді.

Елбасы өз Жолдауында қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек екенін айтты.

4-ші Жаһандық тұрақты даму мақсатының тапсырмаларына қол жеткізу үшін БҰҰ білімді қаржыландыруды мақсатты түрде ұлғайтуды және оның қажеттіктеріне ІЖӨ-нің 4-6% үлесінен кем бөлмеуді ұсынады. Қазақстанда білімге бөлінетін

инвестициялардың мөлшері жыл сайын ІЖӨ-нің 3%-ы деңгейінен төмендеген емес. 1991 жылдан бастап бұл көрсеткіш жыл сайын ІЖӨ-нің орта есеппен 3,8% бөлігін құрайды. 2001 жылдан 2016 жылға дейін орта білім берудің жыл сайынғы шығындары білім

### СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ

	18 745 БЕЛГІЛЕМДІ АҚШ БІР АҚШАҒА	4 952 182 БЕЛГІЛЕМДІ БЕЛГІЛЕМДІ	535 184 БЕЛГІЛЕМДІ БЕЛГІЛЕМДІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	9 828	862 305	90 671
СӨЗІМДІ БІЛІМ	7 409	3 050 770	334 205
БІЛІМ	166	13 937	6 598
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СӨЗІМДІ БІЛІМ	824	489 198	42 513
БІЛІМ ЖӘНЕ БІЛІМ	130	534 421	38 212
БІЛІМ	383	1 551	22 985

берудің барлық деңгейлерін қаржыландырудан 2 есе асады. Қазақстанда орта білімге ІЖӨ-ден болатын шығындардың үлесі ЭЫДҰ елдеріне тең келеді (сәйкесінше 2,1% және 2,2%). Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім, ТжКБ және жоғары білім беру шығындарының үлесі ЭЫДҰ елдеріне қарағанда үш есе төмен. 1996-2016 жылдар кезеңінде халықтың ақшалай шығындары тұрақты өсіп отырды және кем дегенде 18 есе артты. Халықтың жалпы шығындары бойынша білім беруге жұмсалатын шығындардың үлесі 2016 жылы 3,3%-ды құрады.


2011-2016 жылдар кезеңінде білім беруге орта есеппен жылына 15,7 мың теңге немесе жан басына шаққанда айына 1 мың теңгеден астам қаржы жұмсалды.



1993 жылдан бастап орташа айлық жалақының өсуі тіркелді. 2016 жылы ол 142,4 мың теңгені құрады. Соңғы 22 жылдағы көрсеткіштің өсу қарқыны 4,9%-ды құрады. 2001 жылдан 2016 жылға дейін білім беру саласындағы қызметкерлердің жалақысы 6,5 есе артты. Сонымен бірге, 2016 жылы ол ел бойынша орташа жалақыдан әлі де 1,5 есе төмен.

Жаңа мыңжылдықта Қазақстан жастардың жұмыссыздық деңгейін 4 есеге дейін төмендетті. 2016 жылы жастар жұмыссыздығының ең төменгі деңгейі тіркелді - 4,1% және 3,8%, сәйкесінше 15-28 және 15-24 жастағы адамдар.

Сурет 1.1.8. Білім беруге бөлінген мемлекеттік шығындар, ЖІӨ %



Дереккөз: ҚР БҒМ

Мемлекеттік шығындар құрылымында 2001 жылдан 2016 жылға дейін қаржы инвестицияларының айтарлықтай үлесі орта білімге жұмсалған шығындар болды.

Кейінгі 16 жылда мектепке дейінгі білім беру шығындары номиналдық тұрғыда 54 есе, орта білім - 12, ТжКБ - 36 және жоғары білім - 20 есе өсті.


Кесте 1.1.1. Білім беруге бөлінетін мемлекеттік шығындар, млн теңге

Жылдар	Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру	Орта білім беру	Орта білім беру	Жоғарғы және ЖОО-дан кейінгі білім
2001	3 322	67 224	3 018	9 344
2002	3 880	81 744	3 910	11 783
2003	4 553	98 906	5 299	12 763
2004	6 542	158 974	11 874	17 421
2005	9 590	167 625	17 914	33 755
2006	12 938	202 916	21 171	48 297
2007	20 646	275 368	29 194	61 160
2008	27 288	306 082	35 708	68 501
2009	32 067	366 084	41 730	77 989
2010	48 351	427 516	49 099	93 974
2011	98 841	560 012	66 179	106 097
2012	131 018	587 973	77 937	126 243
2013	153 369	598 224	93 871	141 262
2014	174 538	671 732	103 376	144 514
2015	203 063	704 632	105 503	140 037
2016	179 485	808 627	107 707	187 986

Дерек көз: ҚР БҒМ

14 жылдық кезеңде орта және жоғары білім беретін педагогтардың жалақысы 6 есе, ал елде орташа есеппен 7 есе көбейді. Мектеп мұғалімі мен ЖОО оқытушысының орташа айлық жалақысы білім саласы бойынша орта есеппен жоғары, дегенмен елдегі орташа айлық жалақыдан төмен. Сонымен қатар, ЖОО оқытушысының жалақысы мектеп мұғалімінің жалақысынан орта есеппен 12%-ға жоғары.

Сурет 1.1.16. Орташа айлық жалақы, теңге



Дереккөз: ҚР ҰЗМ СК

## Қазақстандағы білім беру халықаралық рейтингтерде

■ Қазақстанның білім беру көрсеткіштері халықаралық алты жетекші рейтингтерде ілгерілеуді көрсетіп тұр: Білім беруді дамыту индексі (БДИ), адамды дамыту индексі (АДИ), адам капиталы индексі (АКИ), АКТ дамыту индексі (АКТДИ), жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (ЖБҚИ) және IMD.

■ Қазақстан бастауыш біліммен қамтудың жоғары көрсеткіштері, ересектердің сауаттылығы, білім алушылардың, 5 сыныпқа дейін оқығандардың үлесі мен гендерлік теңдіктің арқасында 10 жыл бойы ЮНЕСКО БДИ бойынша әлемнің үздік елдерінің сегіздігіне кіріп келеді.

■ Қазақстан ЖБҚИ-2017-де 2006 жылмен салыстырғанда (ҚР-ның ЖБҚИ-ға қатысуы басталған жыл) негізгі үш көрсеткіш бойынша позициясын айтарлықтай жақсартты: «Ғалымдар мен

инженерлердің қолжетімділігі» (+36, 2006 – 100-орын, 2017 - 66), «Мектептердің интернетке қолжетімділігі» (+18, 2006 - 47, 2017 - 39) және «Зерттеу-оқыту қызметтерінің қолжетімділігі» (+16, 2006 - 67, 2017 - 59).

■ Қазақстандық заңнаманың ерекшеліктеріне байланысты бастауыш біліммен қамту көрсеткіші бойынша Қазақстанның ЖБҚИ, АКИ, АДИ бойынша позициялары салыстыруға келмейді. Басқа елдерге қарағанда «Білім туралы» ҚР Заңы балалардың мектепке баратын жасын қатаң регламенттейді (мектепке 6 немесе 7 жаста баруға рұқсат етіледі, бұл басқа елдерге тән емес).

■ ЖБҚИ-2017 Жаһандық есебінде елдердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың жаңа бағыттары белгіленген. ДЭФ рейтингтің әдістемесін түбегейлі қарап шығуды жоспарлап отыр. ЖБҚИ 2.0 жаңа нұсқасы ұсынылады.

■ Қазақстан АКТ-2017 дамыту индексі рейтингінде 2009 жылмен салыстырғанда позициясын +17-ге жақсартты және әлемнің 175 елі арасында 52-ші позицияны иеленді.

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЭФ ЖБҚИ 2006-2017 ЖЖ. БОЙЫНША БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ РЕЙТИНГІ

Көрсеткіштер	Рейтингтегі орын (жылдар бойынша)											2017 жылғы динамика
	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	

#### Статистикалық көрсеткіштер

Бастауыш біліммен қамту	60	74	85	86	87	90	102	118	116	118	118	4	+114
Орта біліммен қамту	30	30	51	51	51	18	35	29	42	42	21	18	+3
Жоғары біліммен қамту	34	35	36	45	51	59	60	58	62	61	61	63	-2



Көрсеткіштер	Рейтингтегі орын (жылдар бойынша)												
	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2017 жылғы динамика

Сауалнама көрсеткіштері

Бастауыш білім берудің сапасы	-	68	68	67	74	77	72	69	64	63	70	68	+2
Білім беру жүйесінің сапасы	50	64	68	66	93	112	101	88	76	67	73	77	-4
Математика мен жаратылыстану-ғылыми білім берудің сапасы	66	70	80	72	78	85	81	75	72	71	69	64	+5
Менеджмент мектептерінің сапасы	86	95	98	97	104	109	103	96	92	101	106	100	+6
Мектептердегі Интернетке кіру	47	50	54	55	63	72	67	52	56	41	29	39	-10
Зерттеу және білім саласындағы қызметтердің қолжетімділігі	67	82	82	68	76	80	72	65	66	55	51	59	-8
Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы	53	63	58	80	112	121	108	102	99	81	63	78	-15
ҒЗТҚЖ саласында университеттер мен бизнестің ынтымақтастығы	63	71	64	77	111	119	90	79	88	88	66	75	-9
Ғалымдар мен инженерлер қолжетімділігі	100	98	83	74	91	106	104	98	83	70	64	66	-2
ҚР рейтингтегі орны	56	61	70	67	72	72	51	50	50	42	53	57	-4
Қатысушы мемлекеттердің саны		125	131	134	134	139	142	144	148	144	138	137	

Ақпарат көзі: [http://edu.gov.kz/m/deyatelnost/detail.php?ELEMENT\\_ID=2693](http://edu.gov.kz/m/deyatelnost/detail.php?ELEMENT_ID=2693)

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІН БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

**Мектепке дейін білім беру сапасын түбегейлі арттыру керек.**

Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің басты бағыттарының бірі **білім беру саласын трансформациялау** болып табылады. Қазіргі таңда



жоғары білім беру жүйесі әлемдік стандарттарға бейімделген. Орта білім жүйесіне реформа жасалды. Орта кәсіптік білім үдерісін ұйымдастыруға айтарлықтай түзетулер енгізілді. Осы өзгерістердің барлығы мектепке дейінгі білім берудің мақсаттары мен міндеттерін қайта қарау қажеттігі туралы мәселені жандандырды.

Ғалымдар 3 жастан 6 жасқа дейінгі кезең - адамның дамуындағы ең маңызды кезеңдердің бірі екенін дәлелдеді. Нақты осы уақытта адам тұлғасының іргесі қаланады: оның психикасы, жадысы, ойлау қабілеті және тіпті өзін-өзі бағалауы дамиды. Осы бірнеше жылдың ішінде бала өзіне отбасынан тыс әлемді ашады және дербес бола түседі.

Қазіргі заманғы балабақшалар міндетіне жұмыс істегісі келетін ата-аналарға бос уақыт ұсыну ғана кіретін ұйымдар ретінде қабылданбауы керек. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің міндеттері балалардың ақыл-ойларын мектептік оқу бағдарламаларын меңгеруге қажетті білімдермен толтырудан әлдеқайда кең.

Мектепке дейінгі баланың негізгі айналысатын ісі – бұл әртүрлі әлеуметтік рөлдерді сомдайтын ойын. Мектепке дейінгі білім беретін заманауи мекемелер бірінші кезекте баланың жеке әлеуетін ашуға бағытталуы керек. Қазақстанда балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту мәселесі бірізді және нәтижелі шешілуде.

2017 жылғы жағдай бойынша елде **9 828 балабақша жұмыс істеп тұрды**, бұл 2016 жылға қарағанда 418 балабақшаға және 2003 жылға қарағанда 8 722 балабақшаға артық. Қазіргі таңда 93,1% кішкентай қазақстандықтар балабақшаларға және оларға теңестірілген мекемелерге барады. Балабақшаларда орындарды бөлу саласында айла-шарғыларды болдырмаудың оңтайлы шешімі табылды. Осы жылдан бастап Астана, Алматы және Шымкент қалаларында, сондай-ақ облыстардың 25 қаласы мен 6 ауданында (Ақтөбе, ШҚО, БҚО, СҚО, Қарағанды, Павлодар, ОҚО, Маңғыстау) кезекке қою және балабақшаларға жолдама берудің автоматтандырылған жүйесі іске қосылды.

Балалардың балабақшада болу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды бағыт болып табылады. Бүгінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде бейнебақылау жүйелері белсенді енгізіліп келеді, олар ата-аналарға балаларының немен айналысып отырғанын көруі үшін осы жүйелерге қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады.



Педагогика саласы жұмыскерлерінің біліктілігі мен мәртебесінің деңгейін көтеру туралы мәселе қатар шешілуде. Мемлекет басшысы біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты, Білім және ғылым министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, биыл тиісті «Жол картасын» әзірлеу тапсырылды.

Алайда, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жүйесін реформалаудың ең маңызды міндеті мектепке дейінгі білім берудің парадигмасын өзгерту болып табылады. 12 жылдық оқытуға көшу мектепке дейінгі мекемелерді «жүктен арылтуға» мүмкіндік береді, өйткені сауаттылық пен санауды үйрету функциялары бастауыш мектептерге жүктеледі. Енді балабақшалар

кішкентай қазақстандықтарды дамытудың өзіндік ерекше атмосферасын қолдана алатын болады, балалардың болашақ өмірі үшін маңызды – **креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау және командада жұмыс істеу** сияқты дағдыларды дамыта алады. Осы төрт қасиет мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жаңа моделінің негізін қалайды.



## ОРТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

**Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленген, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аударған жөн.**


Кейінгі жылдары Қазақстанда орта білім беруді ұйымдастыру қағидалары түбегейлі өзгертілді – **12 жылдық мектептік білімге өту жүзеге асырылды, білім бағдарламаларын толықтыру тәсілдері өзгертілді, мектептерді цифрлық инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету мәселелері шешіліп жатыр, үш тілде білім беру форматына кезең-кезеңімен көшу басталды.**

Сонымен қатар Қазақстанның жедел әлеуметтік-экономикалық дамуы ХХІ ғасырдың бас кезінде техникалық, басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерінің жоғары деңгейін қамтитын кәсіпқойлардың қажеттігін туындатты, сондықтан 2008 жылы Мемлекет басшысының бастамасы бойынша Зияткерлік мектептер құру бойынша жоба іске қосылды.


Зияткерлік мектептер білім беру бағдарламаларының заманауи үлгілерін әзірлеу, мониторинг жасау, зерттеу, талдау, мақұлдау, енгізу және іске асыруға арналған тәжірибелік алаңдарға айналды.



10 жылдың ішінде НЗМ қазақстандықтар арасында танылып, жоғары беделділікке ие болып қана қоймай, шетелдік мемлекеттердің де назарын аударды. Бүгінгі таңда 12 Назарбаев Зияткерлік мектебі білім саласындағы жоғары стандарттарды және соңғы жетістіктерді ілгерілетуге арналған әлемдегі ең танымал ұйым - CIS Халықаралық мектептер кеңесінде аккредиттеуден өтті.



НЗМ жетістіктері олар қолданатын тәжірибелерді Қазақстанның барлық мектеп мекемелерінде қолдануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Елбасы Жолдауында Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс делінген. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады.



Жолдауда көрініс тапқан тағы бір маңызды мәселе, оқушыларды дер кезінде кәсіби бағдарлау қажеттігі болып табылады. Әлемдік қауымдастықтың жаңа технологиялық тәртіпке өтуі, 4.0 Индустриясын құру, еңбек нарығына тікелей әсерін тигізеді.

Болжам жасау және болашақта қажет болатын мамандықты таңдау қиындап келе жатыр. Сондықтан кәсіби диагностика жүргізу және бағдарлау үдерісі ерекше маңызға ие болып келеді. Бұл оқудың жеке траекториясын қалыптастыруға және оқушы мен мұғалімге оқу жүктемесін қысқартуға мүмкіндік береді.





Балалардың қауіпсіздігі тікелей орта білім беру мекемелерімен қатар, тұтас мемлекеттің маңызды мақсаттарының бірі болып қала береді.

Мектеп жылдарында жастар өмірлеріндегі ең қиын кезең – есею кезеңін өткереді.

Жасөспірімдер мәселесі білікті психологиялық көмекті және педагогтар қауымдас-тығы тарапынан көңіл бөлуді қажет етеді.



Осыған байланысты Мемлекет басшысы бүкіл мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етуді, мектеп психологтарының жұмысын күшейтуді және басқа да дәйекті шараларды жүзеге асыруды тапсырды.

Қазіргі кезде **Қазақстанда 7 339 күндізгі білім беру мектептері мен 75 кешкі мектеп** бар. Сонымен қатар, мектептік мекемелермен қамтылу мәселесі әлі де шешілмеген күйінде қалып отыр. Мектеп ғимараттарын салу мен пайдалануға енгізудің көлемі қаншалықты артып жатса да, Қазақстанда әлі күнге дейін үш ауысымдық мектептер жұмыс істейді. Білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатымен Мемлекет басшысы оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш

ауысымда оқыту және апат жағдайында болу мәселелері мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкіметке **2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 млрд. теңге қарастыруды** тапсырды.



## ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

**Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі.**

Жоғары білім және ғылым - экономикалық дамудың негізгі факторлары болып табылады. ХХІ ғасырға арналған Бүкіләлемдік жоғары білім туралы декларацияда айтылғандай, тиісті жоғары білім мен заманауи ғылыми-зерттеу мекемелері, білікті және білімді адамдар болмаса, ешбір мемлекет экономиканың нақты орнықты дамуын қамтамасыз ете алмайды.

Қазақстан Республикасы посткеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып жоғары білім беру жүйесіне реформа жасады және Болон процесіне кірді. Шетелдік жоғары оқу орындарында жоғары білікті мамандарды даярлаудың



«Болашақ» бірегей бағдарламасы іске қосылды.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы табысты іске асырылып келеді. Нарықтық экономика жағдайында жоғары білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету ұмтылысында

мемлекет гранттық қаржыландыруға баса назар аударады. Жыл сайын білім беру гранттарының саны артып келеді. Бүгінгі таңда елдің жоғары оқу орындарында білім алып жүрген жастардың



шамамен үштен бірі мемлекет бөлген гранттар бойынша оқиды. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы наурыз айында айтқан «Бес әлеуметтік бастамасының» бірі мемлекет жыл сайын бөлетін 54 мың грантқа

**қосымша 20 мың грант бөлу** жайында болды.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай, енді «жауапкершілікті күшейтегін кез келді».

Бүгінгі таңда **Қазақстанда 122 жоғары оқу орны білім беру қызметін жүзеге асырып жатыр**. Бірақ жоғары білім беру жүйесінің тиімділік көрсеткіші оқу орындарының саны емес, түлектердің даярлық сапасы мен олардың еңбек нарығында қажеттігі болып табылады. Студенттер толық жоғары білім алуға ұмтылыстарында білім алу кезінде алған дағдылары мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді деп санауы қалыпты жағдай. Осыған байланысты, жоғары оқу орындары, білім беру үдерісін ұйымдастырған кезде студенттерге сапалы теориялық білім алуды ғана емес, оларды іс жүзінде қолдану дағдыларын да алу мүмкіндігін



беру үшін ерекше жауапкершілікте болады. Осылайша, ЖОО-ның табыстылығын бағалаудың қазірдің өзіндегі басты өлшемі түлектердің оқуды аяқтағаннан кейін жұмыспен қамтылуы, олардың жақсы төленетін жұмысқа орналасуы болып табылады.

Мемлекет басшысы Жолдауда **жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу керектігі** туралы айтты. Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететін ЖОО ғана қалуы тиіс.

Жоғары білім беру жүйесін дамытудың әлемдік трендтерінің бірі әртүрлі елдердің немесе бір елдің ішіндегі бірнеше университеттердің стратегиялық альянстарын құру болып табылады.

Университеттердің қазіргі коллаборациясы зерттеу қызметі саласындағы ынтымақтастықты немесе бірлесіп мамандар даярлауды тұспалдайды. Әлемнің жетекші университеттерімен әріптестікті нығайтудың жақсы үлгісін Назарбаев Университеті көрсетті. Отандық білім берудің беделін арттыруға Малайзия мен Дубайдың үлгісі бойынша Орталық Азия білім беру хабын құру және қазіргі білім беру инфрақұрылымы негізінде Назарбаев Университеті үлгісімен жаңа өңірлік жоғары оқу орнын құру сияқты шешімдер септігін тигізе алады.

## «ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ

**Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын.**

Білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігі педагогикалық персоналдың сапасы мен біліктілігіне тікелей байланысты. Сонымен қатар, педагогикалық



қауымдастыққа үнемі өсіп отыратын талаптар аясында педагогтардың еңбек жағдайларының сапасы, психологиялық және заңгерлік қорғалуы да үлкен маңыздылыққа ие болып келеді.

Мемлекет мұғалімдердің материалдық жағдайларын жақсарту мәселелеріне дәстүрлі түрде көңіл бөліп келеді. 2018 жылдың өзінде мемлекет еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін толық енгізуді қамтамасыз ету үшін қосымша 67 миллиард теңге бөлді. Атап айтқанда, мұғалім мамандығының беделін арттыру мақсатында, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап **оқу материалының жаңартылған мазмұнына өтетін мұғалімдердің лауазымдық жалақысы 30% өсті.** Бұдан басқа, 2018 жылдан бастап мұғалімдерге арналған, біліктілік деңгейін ескеретін жаңа категориялар кестесі енгізілді.

Жүйелі тәртіпте қабылданып жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанда әлі күнге дейін мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі білім беру педагогтарының тапшылығы сезіледі. Осындай тапшылық бір жағынан педагогтарға жоғары жүктеменің салдары болып табылады, өйткені оларға көбінесе өздеріне тән емес функциялар жүктеліп жатады.

Мемлекет басшысы 2018 жылғы 5 қазанда Қазақстан халқына Жолдауында келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды

өзірлеп, қабылдау қажет деп белгіледі. Президент бұл құжаттың **мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып**, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс екені туралы айтты.

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ


**Медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады.**

Тұрмыс сапасын арттыру бойынша аталған шаралармен қатар, оның маңызды құраушысы денсаулық сақтау саласы болып табылады. ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауы аясында

денсаулық сақтау мәселелері ұлттық басым жобалардың арасында алдыңғы қатарға қойылды. Мемлекет басшысы нақты және тәжірибелік міндеттерді белгіледі: білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражат-

АМСК көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін **2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейтуді тапсырамын.**


ты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін арттыру (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша денсаулық сақтау шығындарының үлесі ІЖӨ-нің 3,4% үлесін құрайды), қызметтер сапасын арттыру, цифрландыру, кадрлық мәселелерді шешу және т.



Мемлекет басшысы айтқандай, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшірілетін болады, яғни **денсаулық сақтау саласына цифрлық ақпараттық жүйелерді енгізу жалғасын табады**. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда медициналық ақпараттық жүйелермен қамту 96,7%-ды құрайды (сурет).



Медициналық қызметтер көрсетудің ашықтығын, емделушілерге қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатымен **электронды денсаулық паспорты** енгізіледі. Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 11 миллионнан астам электрондық паспорт қалыптастырылды. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы отандық мобильді қосымшаларды әзірлеушілер үшін орта құрылды, атап айтқанда 2018 жылдың маусым айында халыққа Денсаулық сақтау министрлігінің 12 қызметі қолжетімді болды.



Онымен қоса, **денсаулық сақтау саласындағы жеке кәсіпкерлер үшін кедергілерді төмендету бойынша жұмыс** жүргізіліп жатыр. Денсаулық сақтау саласына инвестициялар белсенді тартылуда, соның ішінде МЖӨ негізінде. 29 санитарлық ережелер мен нормалар күшін жойды, 23 норма қайта қаралды. Медицина саласына жеке инвестициялар көлемі 2017 жылда және 2018 жылдың 1-ші жарты жылында 60 млрд. теңгені құрады.

**2019 жылы Астанада Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысы басталу керек.**

Одан бөлек, **дәрігерлерге жүкте-**

**мені төмендету мақсатымен**, кезектер санына шектеу енгізілді – жалпы тәжірибедегі бір дәрігерге 1700 емделуші (бұрын бұл көрсеткіш 2000 адамға тең болатын). Осының нәтижесінде келушілер саны 23%-ға артты.

Қоғамдық денсаулықты нығайту МӘМС енгізу арқылы жүргізілетін болады. Күзгі кезеңнен бастап тіркелуге емхана таңдау мүмкіндігі бойынша науқан жүргізіле бастады.

Жастарды медициналық жұмысқа тарту қажеттігімен қатар, **оқыту барысындағы даярлау деңгейі маңызды фактор** болып қала береді. Осыған байланысты, медициналық кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатымен **2016 жылдан бастап медициналық, фармацевтикалық білім беру және адами ресурстарды басқару жүйесін жаңғырту бойынша жобаны іске асыру басталды**. Осы жобаның аясында «Назарбаев Университеті» АҚ моделінің үлгісінде әлемнің үздік бес жүздігіне кіретін шетелдік университеттер тартылды – бұл АҚШ, Швеция, Италия, Түркия, Литва және Польшаның медициналық мектептері.



ҚР Денсаулық сақтау министрлінің ақпаратына сәйкес келесі **2019 жылдан бастап Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарына түсу кезінде қазіргіден неғұрлым қатал іріктеу жүйесі** енгізілетін болады. Іріктеу қосымша емтихан арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, ағымдағы жылы медициналық жоғары оқу орындарының 170 студенті арасында алғаш рет пилоттық режимде «Халықаралық медицина негіздері - International Foundations of Medicine (IFOM)» атаулы халықаралық емтихан өткізілді, ол Қазақстанның медициналық кадрларын даярлау бойынша білім бағдарламаларының халықаралық білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ

**Өңірлік деңгейдегі резервтерді тауып, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет.**

Қазіргі таңда кез келген ұлттық экономиканы дамытудың басым сипаттамаларының бірі экономикалық даму мен қызметтер рөлін арттырудың өзара байланысын күшейту болып табылады. БҰҰ сыныптауышына сәйкес қызметтердің барлық түрлері 12 бөлімнен тұрады, оның ішінде:



- денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер саласының қызметі, оған қызмет түрлерінің

кең спектрі кіреді – білікті медициналық персонал ауруханалар мен басқа да мекемелерде көрсетілетін медициналық қызметтер, мамандандырылған мекемелерде күтім бойынша қызметтер, әлеуметтік сипаттағы қызметтер, консультациялар, қамқоршылық;

- халықтың мәдениет, ойын-сауық және демалыс саласындағы әртүрлі қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет, оның ішінде – мұражай және спорт объектілерінің қызметі.

Қызметтер саласының сапалық және сандық өсуі, құрылымдық күрделенуі жаңа өндірістердің туындау нәтижесінде, сондай-ақ қызметтердің экономикалық және шаруашылық

Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырамын

белсенділіктің дербес салаларына бөлініп шығуы арқылы орын алып жатыр. Бүкіл әлемде қызмет көрсету саласының динамикасы, оның қандай да бір салаларын дамыту қарқындарында елеулі айырмашылықты қамтиды. Әдетте, мұндай іскерлік және кәсіби



қызметтер кешені, сондай-ақ телекоммуникациялар мен несие-қаржы мекемелерінің қызметтері көшбасшылық етеді. Жаңа технологияларға сүйене отырып, бұл салалар дамудың жаңа айналымына шықты және қоғамның технологиялық ілгерілеуінде шешуші рөл атқарады.

Зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанда, әлемдік үрдістерге сәйкес қызмет көрсетудің тұрақты өсімі байқалады. Сонымен қатар, әлеуметтік қызметтер мен денсаулық сақтау саласындағы қызметтер қарқынды дамып келеді. Қазақстанда әлеуметтік қызметтерді жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген құқықтары мен кепілдіктерін жүзеге асыру формасы ретінде қарастырылып жүргеніне назар аудару маңызды.

### 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму тұжырымдамасы

Әлеуметтік қызметтер саласы қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 396 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес дамып келеді.

Тұжырымдамаға сәйкес 2000 жылдардан бастап әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді ұтымды ету, әлеуметтік қызметтерді ұсынудың және мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөле отырып, қамтамасыз етудің көп деңгейлі жүйесі құрылды.

Қазіргі кезеңде, 2009 жылдан бастап, орнықты бюджеттік негіздің есебінен мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша жұмыстар

**2019 жылдан бастап Тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті жұмысын бастауға тиіс.**

жүргізіліп, шартталған әлеуметтік көмек қағидалары енгізіліп жатыр. Әлеуметтік қызметтер республикалық бюджеттен медициналық қызметтерді дұрыс қаржыландыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Кепілдендірілген



арнайы әлеуметтік қызметтер тізімі жасалды және негізгі осал топтар үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары әзірленді.



Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға қол қойды. Конвенция мүгедектердің құқықтарын қорғаудың жаңа жоғары стандарттарын белгілейді.

Мәдениет, ойын-сауық және демалыс саласындағы әлеуметтік қызметтер жаңа сапалы деңгейге өтеді. Қазақстанда мәдени мекемелердің жылдам өсуі байқалады: театрлар, музейлер, клубтар, бұл жағдай олардың қызметтерін тұтынушылар санының көбеюін туындатады. Ұлттың негізгі интеллектуалды ресурсы болуға арналған Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана серпінді дамып келеді, оның қоры бірнеше ондаған мың құжаттардың электронды көшірмесін қамтиды.

Елде Мемлекет басшысының 2014 жылғы 4 қарашадағы № 939 Жарлығымен Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы бекітілген болатын. Тұжырымдамада саланың беделін көтеруге, оның сапалы жаңаруына және орнықты дамуына бағытталған жүйелік шаралар көзделген.

### Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы

Қазақстанда спорт және туризм сияқты белсенді демалыс түрлерін ұстанатын адамдар саны артып келеді. Бұған елде 2011 жылы өткізілген Азиада және 2017 жылғы Қысқы Универсиада сияқты ауқымды спорттық іс-шаралардың өткізілуі үлкен әсерін тигізді.

Осы жарыстарды өткізу үшін арнайы салынған немесе қалпына келтірілген спорттық нысандар дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтар тартылатын орындарға айналды. Елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы қолданылады, ол бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын қарқынды дамытуды біріктіруші және басты қозғаушы күш ретіндегі ұлттың спорттық әлеуетін жұмылдыруға арналған дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімді моделін қалыптастыруға бағытталады.

## 2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасы

Осылайша, Қазақстан елдің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктерді қалыптастыру қажеттігінен бастау алады: қоғам барлық азаматтарға әлеуметтік жеңілдіктер мен қызметтерге қолжетімділікті кеңейту арқылы өздерінің әлеуетін іске асыруға жағдай жасауы тиіс. Әлеуметтік мәртебеге, жынысына, ұлтына, туылған жеріне қарамастан, азаматтар өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде әлеуметтік игіліктер мен қызметтер алуға теңдей мүмкіндікке ие болуы керек. Осыны қамтамасыз етудің негізгі тетіктері мыналар:

азаматтардың өмір сүруінің әрбір кезеңінде кепілдік ретінде қамтамасыз етілетін ең қажетті әлеуметтік қызметтердің деңгейінен ең төменгі әлеуметтік стандарттардың белгіленуі - адамның өзін-өзі іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін минималды әлеуметтік стандарттар;

азаматтардың толыққанды әлеуметтік-экономикалық өмірге белсене қатысуына бағытталған нысанның немесе көмек мөлшерінің анықталуында адамның экономикалық әлеуетінің дәрежесін қарастыруды қамтитын әлеуметтік көмек көрсетудің мақсатты және сараланған көзқарасы.

Жалпы, Қазақстанда әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік сәтсіздіктердің алдын алуға бағытталған әлеуметтік көмек көрсетудің интеграцияланған моделіне өту әдісі іске асырылады.


## ТАМАҚТАНУ САПАСЫ

**Ұлт саулығы - мемлекеттің басты басымдығы. Бұл - қазақстандықтар сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс деген сөз.**

Заманауи ғылыми ойлардың ең танымал бағыттарының бірі - «адам экологиясы», ол адамның қоршаған ортамен әрекеттесуінің көптеген аспектілерін, соның ішінде тұтынатын азық-түліктің денсаулық үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін жандандырады.



### **!!! Сапасыз су**



Жыл сайын 3,5 миллион адам сапасыз суды пайдаланумен байланысты аурулардан өледі, олардың 84 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар

Сапалы азық-түлік пен ауыз судың қолжетімділігі халықтың тұрмыс деңгейін бағалаудың маңызды көрсеткіштері болып табылады. Адам денсаулығына сапасыз азық-түлікті тұтыну процесінде туындайтын жоғары қауіп-қатерлер «барлығына арналған санитария» туралы тармақты БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының тізбесіне енгізуге себеп болды.



Қазақстан Республикасында ұлт саулығы мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып табылады. Мемлекет қабылдаған шаралар қазақстандықтардың тұрмыс сапасын жақсарту, өмір сүру ұзақтығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру идеясын алға жылжыту үшін жағдайлар жасау саласындағы көптеген міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Тоғыз жыл бұрын қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі халықтың денсаулығы, қауіпсіздігі, дәрі-дәрмектің тиімділігі мен сапасы мәселелерін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларына жатқызады.

Сонымен қатар, бірқатар факторлардың үйлесуі арқасында, қазіргі уақытта Қазақстанда «халықты сапасыз және денсаулық үшін қауіпті тауарлар мен қызметтерден қорғау» бойынша тұтас саясат жоқ. Осындай факторларға экономиканың нарықтық сипаты және мемлекеттің көптеген тексерулерден, рұқсаттардан және т.б. бас тартудан тұратын әкімшілік кедергілерді азайту арқылы отандық бизнесті қолдауға деген ұмтылысы жатады. Сонымен қатар, Президент Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында былай деді: «біз әрдайым бизнеске көмек көрсетеміз, бірақ адам, оның құқықтары мен денсаулығы маңыздырақ».



Мәселені шешу мақсатында Елбасы Үкіметке шаралар қабылдауды және халықты сапасыз және денсаулық үшін қауіпті тауарлар мен қызметтерден қорғау жөніндегі қызметін ретке келтіруді тапсырды.

Бақылауды қамтамасыз ету тетіктерінің бірі келесі жылдан бастап Тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитетінің жұмысы болады.

Оның қызметі, ең бастысы, азық-түлікке, дәрі-дәрмекке, ауыз суға, балалар тауарына, медициналық қызмет көрсетуге сараптама жүргізуді қамтитын болады. Бұл үшін заманауи зертханалық базаны қамтамасыз етіп, білікті мамандар штатын қалыптастыру қажет болады.

Сонымен қатар, бір ғана Комитеттің жұмысы жеткіліксіз болады. Процеске үкіметтік емес сектордың институттарын тарту қажет. Бұл ретте тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруы тиіс.



Бақылауды жүзеге асыру шараларына ғана бағытталу күтілген нәтижені бермейтіні анық. Бизнес қауымдастықтың ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі үшін қазақстандықтар алдындағы жауапкершілігін сезінуі аса маңызды болып табылады.

Бизнесмендер компанияның капиталы қаржылық және материалдық ресурстардан ғана емес, тұтынушылар тарапынан деген сенімге де байланысты екенін түсінуге тиіс.

*«Бизнес өзінің сапасымен туылады және тіршілік етеді және қажетсіз болған кезде, өледі»* - осы хрестоматиялық болған сөздер біздің бизнес қауымдастықтың ұранына айналуға тиіс.

### III. ӨМІР СҮРУГЕ ЖАЙЛЫ ОРТА

#### САПАЛЫ ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ ТҰРҒЫН ҮЙ

Жайлылық дегеніміз – ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың әдемілігі мен қауіпсіздігі, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің және сапалы инфрақұрылымның болуы.

Жеке үй сатып алу – әрбір адамның өміріндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Әлемге әйгілі «Мастер мен Маргарита» романының «адамдарды құртқан үй мәселесі» деген фразасы баяғыда қанатты сөзге айналды және оған негіз жоқ емес. Өз пәтерің – бұл тұрақтылық пен тыныштықтың кепілі ғана емес, бұл, ең алдымен, отбасын құру мен лайықты тұрмыс сапасын қамтамасыз етудің іргетасы.

Қалыптасқан жағдайды ескеріп, мемлекет «Нұрлы жер» бағдарламасын іске қосты, ол тұрғын үй құрылысына күшті шабыт берді және бүгінде құрылыс секторы Қазақстандағы ең серпінді дамып келе жатқан сектор болып табылады.



ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша **2018 жылдың қаңтарынан тамыз айына дейін тұрғын үй құрылысына 701,6 млрд.теңге бағытталды, бұл 2017 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 31,2%-ға артық.** Жалпы ауданы 7 732 403 ш.м. **585 көп пәтерлі үй және 25 200 жеке үй** пайдалануға енгізілді. Ағымдағы жылдың алғашқы сегіз айында 370,8 мың ш.м. жалға берілетін тұрғын үй, несиеге - 218,5 мың ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілді. Астана, Алматы және Маңғыстау облыстары тұрғын үйлерді пайдалануға беру бойынша бірінші орында тұр.



Сонымен қатар, қаржылық қиындықтар салдарынан әрбір қазақстандықтың пәтер сатып алуға мүмкіндігі жоқ. Жалға берудің қайталама нарығының ұсыныстары да қымбат және өз пәтерін сатып алуға қаражат жинауға септігін тигізбейді. Банктердің бұрын жүзеге асырған ипотекалық несиелендіру тәртібі алдын-ала төлемнің және несиелік сыйақының жоғары пайызын қамтыды, ол да барлық тұрғын үйге мұқтаждар үшін қолайлы болмай шықты және мәселенің мемлекеттік ауқымда шешілуіне мүмкіндік берген жоқ.

Тұрғын үй мәселелері, әлеуметтік маңызы бар кез келген мәселе сияқты, Мемлекет басшысының тұрақты бақылауында тұр. 2018 жылдың наурыз айында Елбасы Қазақстан халқына «Бес әлеуметтік бастаманы» ұсынды. Президенттің ұсыныстарының бірі **«7-20-25» ауқымды бағдарламасын іске қосу болды.**



Бұл несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7%, бастапқы жарна - 20%, халыққа ай сайынғы төлемді барынша айзайту мақсатымен несие мерзімі 25 жылға дейін ұзартылды.

Мемлекет басшысы 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету тақырыбына тағы оралды. Атқарушы билік органдарына берген тапсырмалар арасында жергілікті бюджеттен жеңілдікті ипотека бойынша бастапқы жарналарды ішінара субсидиялау мәселесін пысықтау ұсынылды. Бұл мәселені шешу әкімдерге жүктелді. Осы механизм шеңберінде азаматтар «7-20-25» схемасы бойынша ипотекаға өтінім берген кезде бастапқы жарнаны төлеу үшін жергілікті бюджеттен субсидия алу құқығын қамтамасыз ететін сертификаттарды алу мүмкіндігі болады деп күтіледі. Осындай тұрғын үй сертификаттарын беру білікті оқытушыларға, дәрігерлерге, полиция қызметкерлеріне және

өңірлерге қажетті басқа мамандарға ипотекалық несиені алу мүмкіндігін арттырады.

Бұдан бөлек, урбанизацияның объективті дамып келе жатқан үрдісін ескере отырып, Мемлекет басшысы ірі қалалардағы әлеуметтік қорғалмаған топтарға арналған жалға берілетін тұрғын үй құрылысын ұлғайтуды тапсырды.

Алдын ала бағалау бойынша бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасына өздерінің жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы «жаппай құрылыс алаңдарына арналған инженерлік инфрақұрылым жүргізуді қоса алғанда, мемлекет бес жыл ішінде 650 мың отбасыға немесе 2 миллионнан астам азаматтарымызға қолдау көрсетеді» деп айтып өтті.



Нарықтық экономика азаматтарға тұрғын үйді тегін беруді қарастырмаса да, мемлекет әлеуметтік саясатты іске асыру шеңберінде қаржылық міндеттемелерді өзіне жүктейді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Үкіметті әлеуметтік секторға, қауіпсіздік пен инфрақұрылымға мән бере отырып, бюджет шығыстарының басымдықтарын қайта қарауға міндеттеді.


## АУМАҚТАРДЫ ДАМУ

**Еліміздің аумақтық дамуына жаңа тәсілдер енгізуді қамтамасыз ету қажет.**

Өңір – бұл аумақ қана емес, кеңістіктік қауым. Осындай қауымдар мен аумақтардан мемлекет құрылады. Аймақтардың теңдестірілген дамуы болмаса, мемлекеттің тұтастай дамуы мүмкін болмайды.

Жолдауда қойылған тағы бір міндет – еліміздің аумақтық дамуына жаңа тәсілдер енгізуді қамтамасыз ету. Атап айтқанда, **2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Еліміздің басқарылатын урбанизациясының жаңа картасына айналатын Еліміздің 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын әзірлеу тапсырылды.**

Урбанизация әлемдік дамудың тренді болып келді және қала береді. БҰҰ «Әлемдік урбанизацияның келешегі 2018» баяндамасының деректеріне сәйкес Қазақстанда 2050 жылға қарай ауыл және қала халқының сандық ара-қатынасы келесідей өзгереді:



Онымен қоса, БҰҰ берген баға бойынша 2030 жылы біздің елімізде мынадай болады:

Халық саны	1 млн-нан 5 млн адамға дейін	500 мыңнан 1 млн адамға дейін	300 мыңнан 500 мың адамға дейін
Қала саны	3 қала	1 қала	6 қала

Қазір жағдай осындай көрініс береді:

Халық саны	1 млн	500 мыңнан 1 млн адамға дейін	300 мыңнан 500 мың адамға дейін
Қала саны	3 қала	1 қала	5 қала

Осылайша БҰҰ болжамдары бойынша үш мегаполистің халқы 5 млн. адамға дейін ұлғаяды.

Өңірлерді дамыту – мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстанда бұл үдеріс ішкі жалпы өнім көрсеткіштері мен ірі агломерациялар, қазақстандық мұнай өндіруші облыстар мен басқа да өңірлер арасындағы үйлесімсіздік пен айтарлықтай алшақтықпен күрделенеді. 2020 жылға дейін іске асырылатын Өңірлерді дамыту бағдарламасы өңірлерді дамытуды бірыңғай қорытындыға келтіре отырып, түзеуге арналады.

**Хаб қалалар** ұлттық және өңірлік әрекеттестік орталықтарына айналуы тиіс. Әр кіші өңірде – өз орталығы.



Нақты осы қалалар макроөңірлердің экономикалық белсенділігі, капиталдың, ресурстардың, озықтехнологиялардың, қызметтердің шоғырлану орталықтарына айналады, көші-қон ағындарын тарту нүктелері болып, табиғи урбанизацияға ықпал ететін болады.

### **Ауылдық аймақтарды дамыту**

Статистикаға сүйенсек, 6672 қазақстандық ауылдық елді мекендердің үштен бірінен кемі – барлығы 1229 елді мекеннің жоғары даму әлеуеті бар. Бұл ретте ауылдардың жартысынан астамында халық саны аз – оларда ауыл тұрғындарының 8,9 пайызы ғана тұрып жатыр.

### **Ауылдық жерлерді дамытудағы Беларусь тәжірибесі**

Беларусь әлеуметтік және индустриалдық салаларды дамытуға, ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға жағдай жасауға, ауыл халқының кірістерін ұлғайтуға, ауылдық жерлерде өмір сүру беделіне негіз қалауға және ауылдық жерлердегі демографиялық ахуалды жақсартуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өнімдерінің тиімді өндірілуін қамтамасыз етуге бағытталған ішкі нарық үшін жеткілікті көлемдер және экспорттық ресурстарды қалыптастыруға ерекше көңіл аударды. Реформа нәтижесінде Беларусь ауылдарында агроқалашықтар пайда болды. Бұл елді мекендерде ғана емес, сондай-ақ көрші аумақтарда тұратын тұрғындар үшін де жақсы тұрмыс деңгейін қамтамасыз ететін, дамыған әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы бар, өзіндік өндіріспен қамтамасыз етілген сапалы жаңа қоныс түрі.

Ауылды дамытудың қазақстандық жолы – **тірек саналатын ауылдық елді мекендер құру.**

#### **Бағыттары:**

► **Негізгі қала құрайтын өндірістер** осы елді мекендердің әлеуетін дамытудың, сондай-ақ шағын және орта бизнестің дамуын ынталандырудың негізгі құралы болады.

► **Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту.** Бұл, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерін, инженерлік-көлік инфрақұрылымын салу, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, апаттық тұрғын үйлер мен иесіз объектілерді бұзу, көшелер мен саябақтарды

гүлдендіру мен абаттандыру, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын жайластыру, балалар және спорт алаңдарын салу.

► **Көлік инфрақұрылымы**, тірек саналатын елді мекендерді елдің бірыңғай көлік желісіне қосады, онысымен елдің мобильділігін қамтамасыз етеді және көлік шығындары мен тасымалдауға кететін уақытты төмендету есебінен ауыл экономикасының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтеді.

**«Инфрақұрылым адамдарға» моделінен «адамдар-инфрақұрылымға» моделіне бірте-бірте көшу қажет.**

► **Мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтарын құру**, бұл халықтың оларға қол жеткізу мәселесін шешуге тиіс. Әңгіме, ең алдымен, халыққа қызмет көрсету орталықтарын, полицияның тірек пункттерін, екінші деңгейдегі банктердің филиалдарын, микрокредиттік ұйымдарды, ауылдық кредиттік серіктестіктерді, сақтандыру компанияларын, нотариустарды, сервистік-дайындау орталықтарын, техникалық қызмет көрсету станцияларын ашу турасында болып отыр.

## ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

**Құқық қорғау органдарының жұмысына терең және сапалы өзгерістер қажет.**

Қазақстан мемлекетті ілгерілетіп трансформациялау жолына тұрды. Жолдауда айтылған реформалар мен өзгерістер бағыттардың кең спектрін қозғайды, неғұрлым терең және жүйелі сипатты қамтиды. Халықты одан әрі табысты дамыту мен әлеуметтік



көңіл-күйін, сондай-ақ тұрмыс сапасын арттыру негіздерінің бірі - қоғамда қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады, азаматтар қауіпсіз қоғам мен мемлекетте ғана өз мүмкіндіктерін жүзеге асырып, қоғам мен ел игілігі үшін еңбек етіп, тер төге алады, сондықтан құқық қорғау жүйесін реформалау қоғамдық сауалдар мен қоғамдағы талаптарға сәйкес келеді.

Құқық қорғау органдарын, әсіресе ІІМ реформалау – бұл қай кезде де қазіргі мәселелерді, әлемдік тәжірибені, қоғамның болжамдары мен мемлекеттің мүмкіндіктерін терең талдауға негізделген күрделі үдеріс және кешегі құқық қорғау жүйесінде тиімді жұмыс істеп келген әрекеттердің бүгінгі таңда ешқандай нәтиже бермеуі және өзекті болмай қалуы әбден мүмкін. Құқық қорғау жүйесінің реформалары бүгін басталған жоқ, бұл үдеріс ұзақ жылдар бойы жүргізіліп келеді және бұл үдерістің өзіндік жетістіктері мен кемшіліктері бар.

Осы Жолдауда **құқық қорғау жүйесін жаңғыртуға қатысты бірнеше бағыттар белгіленген болатын:**

**1. Құқық қорғау органдарын, әсіресе ІІМ өзіне тиесілі емес функциялардан арылту.**

Бәрімізге белгілі болғандай, ІІМ 2010 жылдан бастап бірқатар бейіндік емес функциялардан босатылған болатын, яғни тұрақты функционалдық жеңілдену үдерісі жүріп жатыр. Мысалы, медициналық айықтырғыш жүйесі Денсаулық сақтау министрлігіне, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарын – Білім және ғылым министрлігіне, техникалық тексеруді өткізу бойынша функциялар бәсекелі ортаға берілді.

Одан кейін **2013 жылы** жол полициясын әкімшілік полицияға өзгерттік, жұртшылық аталмыш реформаға оң баға берді.

**2018 жылы** ІІМ бірқатар қызметтерін қайта құру мен біріктіру жүріп жатыр, мысалы, жергілікті полициямен учаскелік инспекторлар қызметі, жол-патруль, табиғат қорғау полициясы, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнайы мекемелер біріктірілді. Көріп отырғанымыздай, құқық қорғау

органдарының реформасы да кезең-кезеңімен және біртіндеп жүргізіліп жатыр. Жалпы, осы өзгерістердің оңтайлы екенін халықаралық рейтингтер де көрсетіп жатыр.



**2017 жылы** Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық

форумның сарапшылары жасаған әлемнің ең қауіпсіз мемлекеттері рейтингінде 58-ші орынды иеленді. Рейтингте сарапшылар қылмыстылық, оның ішінде лаңкестік жағдайын, халықтың құқық қорғау органдары қызметкерлеріне сенім деңгейін және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің халықты қорғау қабілетін бағалады.

## **2. Құқық қорғау органдарының халықпен жұмыс істеуінің жаңа форматтары**

Елдегі өзгерістердің негізгі қатысушылары мемлекет емес, азаматтар болып табылады, сондықтан бүгінгі таңда жігерімізді экономиканы, мемлекеттік қызметті реформалау саласына ғана емес, қоғам, азаматтар және мемлекет арасындағы қарым-қатынастар саласына да бағыттау ерекше маңызды болып табылады.

Мемлекет басшысы тиімді экономикалық басқару саласындағы аса маңызды міндетті айтып өткені бәріміздің есімізде: «мемлекеттік органдар азаматтардың ескертулері мен ұсыныстарын нақты уақыт режимінде есепке алу мен жедел әрекет ету үшін заманауи цифрлық технологияларды қолдануға тиіс».

Бұл ретте Ашық үкіметтің, әлеуметтік желілердің, виртуалды алаңдар мен қабылдау бөлімдеріннің мүмкіндіктері сияқты құралдардың маңыздылығы жайлы айта кету керек.


БҰҰ деректері бойынша **190** мүше мемлекет қаржыны автоматтандырылған басқаруды енгізді, **179** – кедендік рәсімдеу жүйесін, ал **159** – салықтық әкімшілендіру жүйесін енгізді. Оның ішінде **148** мемлекет цифрлық сәйкестендірудің қандай да бір



түрін енгізген, ал **20** мемлекетте цифрлық сәйкестендірудің көп мақсатты платформасы құрылды.

Қазақстанда азаматтардың ескертулері мен ұсыныстарын нақты уақыт режимінде есепке алуға арналған технологияның мысалы ретінде «Ашық үкіметті» келтіруге болады, нақты айтқанда «Ашық диалог». Деректерге сәйкес келіп түскен өтініштер саны бойынша бірінші орынды Ішкі істер министрлігі иеленді.

Осыған сәйкес, ИМ онлайн сервистерді одан әрі жақсартуға баса назар аударуы қажет, бұл ең алдымен «электрондық үкімет» платформасына қатысты (e.gov). Бұл құқық қорғау органдары қызметкерлері мен халық арасындағы қарым-қатынастың төмендеуіне ықпал ететін болады.



Сонымен қатар, азаматтардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу мен статистика жүргізудің бірыңғай базасын құру қажет, бұл ретте, «электрондық үкімет» платформасын негізге алуға болады. Көріп отырғанымыздай, басқару үдерісі ғана емес, мемлекет пен халықтың өзара қарым-қатынастары да цифрландырылып келеді, осыларды өңірлік деңгейде де жандандыру қажет.

### **3. Полиция жұмысының кәсіби стандарттары.**

Бұл кәсіби мінез-құлық үлгісі - өз функцияларын іс жүзінде, қалыптасуы мүмкін жағдайлардың контекстінде орындау. Осындай стандарттар қазір де жоқ емес. Стандарт бұл алгоритм болып табылады, яғни мәселені кезең-кезеңімен шешу. Басқаша айтқанда, осы типтік алгоритмдерге түзетулер енгізу, жаңа шаблон жасау және оны жұмыс стандарты ретінде бекіту қажет.

Сонымен қатар, полицияның қанша типтік функциялары бар болса, стандарттар саны да сонша болу керек. Функция астарында полиция жұмысының, мысалы, қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл сияқты қандай да бір жалпы бағыты емес, полицейлер шешетін неғұрлым нақты міндет түсінік беруі тиіс. Мысалы, тұтқынға алғаннан кейінгі алғашқы медициналық тексеру. Немесе қылмыскерді ұстаған жағдайда арнайы құралдарды қолдану. Функцияның басқа мысалы – азаматтардан өтініштер қабылдау.

### **4. Полицияның жұмысын бағалау критерийлері: халықаралық тәжірибе**

#### **▶ АҚШ**

АҚШ-та полицияның жалпы жұмысын бағалау үшін ең жиі қолданылатын критерийлер: қылмыстың әрбір санаты бойынша қамауға алу саны; тергеу аяқталған істердің пайызы; полицияға шағымдардың саны; полиция қызметкерінің игере алатын жүктемесі; полицияның жұртшылық алдындағы бейнесі.

#### **▶ Ұлыбритания**

Ұлыбританияда полицияның орталықсыздандырылған сипатын ескере отырып, полиция қызметін бағалаудың әртүрлі критерийлер жиынтығы бар. Соның бірі кадрлардың тұрақтамауы; полицияға шағымдардың саны; қылмыстар санының ұлғаюы немесе азаюы; жұмыстағы кемшіліктерді жою қабілеті сияқты көрсеткіштер. Басқа көрсеткіштер мынадай: ішкі әлеуметтік шиеленістер, қақтығыстар мен дау-дамайларды

төмендету және көнерлік деңгейде ұстап тұру; халықпен, әсіресе, кейбір әлеуметтік топтар және ұлттық азшылықтармен қарым-қатынастар.

#### ► Германия

Германияда қылмыстардың ашылуы полиция қызметінің тиімділігін бағалау критерийлері арасында бірінші орын алады. Қылмыстық полицияның қызметін айтарлықтай дәрежеде сипаттайтын осы көрсеткішпен қатар, басқа көрсеткіштер де қолданылады: өз функцияларын кәсіби орындау; материалдық және адам ресурстарын неғұрлым оңтайлы пайдалану; оқиғаларға әрекет ету жылдамдығы; объектілерді күзетудің сенімділігі; жаппай тәртіпсіздіктер мен бұзақылықтың шебер алдын-алу және оны болдырмау; төтенше жағдайларда іс-қимылдарға әзірлік дәрежесі.

#### ► Бразилия

Бразилияда қылмысқа қарсы күресті Қоғамдық тәртіп басқармасы жүзеге асырады, оның құрамына азаматтық және әскери полиция кіреді. Азаматтық полиция қылмыстарды ашуды жүзеге асырады. Орындалған жұмыстарды есепке алу үшін балдық жүйе енгізілген: ашылған істер немесе аяқталған тергеулердің саны - 14 балл, ал ашылмаған істер - 2 балл, қамауға алу ордерлерінің саны - 8 балл, тінту - 4 балл және т.б.

## СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ


**Сот жүйесін одан әрі жаңғырту. Құқық үстемдігі - біздің реформаларымыздың табысты болуының негізгі факторы.**

Қазақстанның мемлекеттік саясаты контекстінде сот жүйесін жаңғырту жайлы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында нақты айтылған, онда сот жүйесіне 11 қадамды жүзеге асыру бекітілген.

2016 жылдың 1 қаңтарынан Елбасының жоспарын жүзеге асырудың практикалық кезеңі басталды. Жаңа Азаматтық

іс жүргізу кодексі мен «Жоғары Сот Кеңесі туралы» заң қабылданды және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңға, Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қажетті түзетулер енгізілді.

2016 жылы бес сатылы әділдік жүйесі үш сатылы деңгейге көшу арқылы оңтайландырылды: бірінші сатыдағы сот, апелляциялық саты, кассациялық саты. Бұл жүйе халықаралық стандарттарға толығымен сәйкес келеді.



Соттардың қызметін цифрландыру шеңберінде «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық-талдамалық жүйесі енгізілді, ол сот құжаттарының электронды мұрағатын, соттардың интернет-ресурстарын, «Сот кабинеті», «Сотқа шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сияқты сервистерді қамтиды.



2017 жылдың қыркүйек айында Жоғарғы соттың Ахуалдық орталығы жұмыс істей бастады, ол елдегі 370 соттан 700-ден астам көрсеткіштер бойынша түсіп отыратын өзекті сот ақпаратын электрондық форматта тәулік бойы жинау мен талдауды жүргізеді. Ахуалдық орталық республикамыздың барлық сот залдарында процестер жүргізу барысын бақылап отырады. Бұл сотта әдепсіз әрекет жасаудың, соның ішінде сот процесіне қатысушыларға қауіп төндірудің барлық жағдайларын барынша жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Судья лауазымына үміткердің кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін тексеру үшін жағдайлық тестілеу жүйесі және бір жылдық сынақ мерзімі енгізілді. Сонымен қатар, сот лауазымына үміткерлер үшін сот ісін жүргізуге қатысумен тікелей байланысты бес жылдық жұмыс тәжірибесінің болуы турасындағы талап енгізілді. Онымен қоса, Әділет академиясы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясынан бөлініп, Жоғарғы сотқа берілді.

Сонымен бірге, сот жүйесін жетілдіру мақсатымен соттарды мамандандыру кеңейтілуде. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстанда алғаш рет инвестициялық даулар бойынша сот ісі құрылды. Инвестицияларды құқық қорғауды қамтамасыз ету үшін Жоғарғы сотта ірі инвесторлардың қатысуымен дауларды қарау бойынша мамандандырылған алқа құру, сондай-ақ Астана қалалық сотында басқа да инвестициялық дауларды қарау бойынша мамандандырылған құрамды қалыптастыру арқылы инвестициялық дауларды қарау жөніндегі соттарды мамандандыру енгізілді.

Жоғарғы сот әділ сот жүйесін одан әрі жетілдіру үшін бірқатар кешенді шешімдерді әзірлеу бойынша жұмысын жалғастыруда.

## IV. АЗАМАТТАР СҰРАНЫСЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

### МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру.

Жаңа формацияның мемлекеттік қызметшілері жаңа басқарушы элитаға қажетті сипаттамаларды қамтуға тиіс:



Жаңа басшылар әртүрлі білім салаларының мамандары болуы керек, бұл дегеніміз – олар белгілі бір саланың

мамандары болуға тиіс. Осындай мамандану мүдделер ымырасына, әртүрлі әлеуметтік күштердің бәтуаластығына негізделген баламалы шешімдерді іздеу мүмкіндігін жабады, ал кейде жояды. Жаңа басшылар әртүрлі басқару салаларының ерекшелігін деңгейлер (өңірлік,



жергілікті) бойынша ғана емес, функциялар (стратегиялық басқару, ақпаратты, қаржыны, адам ресурстарын және т.б.) мен құрылымдар (мемлекеттік басқару, коммерциялық басқару, қоғамдық ұйымдарды басқару) бойынша ескеруге тиіс.

**Жаңа формацияның басшылары – бұл төмендегілерді іске асыратын қызметкерлер:**

- ▶ әлеуметтік-экономикалық реформаларды өткізушілер рөлін өздері атқарады;
- ▶ көзқарастар тереңдігі мен стратегиялық ойлау қабілеті бар;
- ▶ елдің негізгі бағдарламалық құжаттарының мазмұны мен мәнін жетік түсінеді;
- ▶ өз қызметінде жоғары тұрған меморгандар мен лауазымды тұлғалардың тапсырмаларын орындаумен шектелмейді;
- ▶ өздері жүзеге асыратын жұмыс пен мемлекеттің жалпы стратегиялық мақсатымен өзара байланысын ұғынады;
- ▶ батыл, стандарттан тыс идеялар ұсынуға қабілетті.

Астана қаласы әкімдігі, Маңғыстау облысы әкімдігі, Әділет министрлігі мен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде **жалақы төлеудің жаңа жүйесі** пилоттық режимде енгізілді.

Мемқызметшілердің ай сайынғы жалақысы **жұмыстың сипаты мен күрделілігіне** байланысты болады (дәстүрлі жүйе мемқызметшінің лауазымы деңгейі мен жұмыс өтілін ғана есепке алды).



Ескі жалақы кестесі бойынша министрліктердің қызметкерлері әкімдіктердің қызметкерлеріне қарағанда едәуір жоғары болды, ал кез келген басшының жалақысы орындаушының жалақысынан жоғары болды, бұл ретте жұмыстың мазмұны есепке алынған жоқ. Бұл жалақы төлеудегі үйлеспеушілікке әкеп соқты және олардың меморган үшін маңыздылығы есебімен лауазымды саралаған жоқ.


Жалақы төлеудің жаңа жүйесінің ерекшелігі - **жүктелген міндеттердің шеңбері мен қызметшінің нәтижелілігін** есепке алуында.

Мемқызметшінің табысы **екі бөліктен** құрылатын болады:





Жаңа жүйе былайша айтқандағы **факторлық-балдық шкалаға** негізделген, оған сәйкес барлық лауазымдар **үш фактордың** есебімен бағаланады:



Факторлардың әрқайсысы бойынша балл шығарылады, ал олардың жиынтығы жалақы төлеудің жаңа кестесінде лауазымның орнын айқындайды. Барлық лауазымдарды бағалау нәтижесінде, олар төрт блок бойынша топтастырылды:

- ▶ **жоғары басқару құрамы**, онда жауапты хатшылар, аппарат басшылары мен комитеттердің төрағалары кірді;
- ▶ **негізгі** (салалық бөлімшелердің лауазымдары);
- ▶ **ықпал етуші** (заңгерлік, қаржылық, кадрлық, ақпараттық-технологиялық сүйемелдеу, жұртшылықпен байланыс үшін жауапты лауазымдар);
- ▶ **қосалқы** (әкімшілік-шаруашылық қызмет үшін жауапты лауазымдар).

Аймақтардағы және орталықтағы мемлекеттік қызметшілердің жалақыларындағы сәйкессіздікті азайту - жаңа жүйені енгізудің тағы бір маңызды жағымды қыры болып табылады.

Мәселен, егер бұрын әкімдіктің бас маманы орталық мемлекеттік органның бас сарапшысына қарағанда орта есеппен 70%-ға (115 мың теңге) аз алған болса, енді айырмашылық орта есеппен 10% (210 мың теңге).

Мысалы, өңірлік деңгейде төменгі лауазымға жалақы мөлшері 62 мыңнан 117 000 теңгеге дейін артады. Орталықта -

84 мыңнан 136 000 теңгеге дейін. Пилоттық жоба аяқталғаннан кейін жобаны республика бойынша жүзеге асыру мерзімдері туралы шешім қабылданады.

Көптеген ұйымдар, соның ішінде мемлекеттік, жекеменшік, халықаралық (БҰҰ, Дүниежүзілік Банк, Азия Даму Банкі және т.б.) өз ұстанымдарын бағалау үшін фактор-балдық бағалауға сүйенеді. АҚШ, Сингапур, Малайзия, Жаңа Зеландия және басқа да экономикалық дамыған елдерде қызметкерлердің жұмысы осылай бағаланады.

Жаңа сыйлықақы жүйесіне қатысты айтар болсақ, онда, біріншіден, **«сыйлықақы»** ұғымының өзі **«бонус»** деп өзгертілді. Екіншіден, олар мемлекеттік қызметшінің жыл соңындағы жұмыс нәтижелеріне қарай төленетін болады.

## ШЫҒЫНДАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТ ҮНЕМДЕУ

Осы күрделі кезеңде бөлінетін әрбір теңгенің қайтарымының мол болуына қол жеткізу керек.

Мемлекеттік қаражатты тиімсіз пайдалану ең алдымен мемлекеттік органдардың бюджеттерін жоспарлаудағы кемшіліктермен шарттасады. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері айқын мақсаттарды қоюды, тиімділік пен нәтижелілік көрсеткіштерін анықтауды білмейді. Бюджет шығындары көбінесе үнемдеуді кейінгі қайта бөлу, ағымдағы міндеттерді ұзақ мерзімді дамуға нұқсан келтіре отырып шешу мақсатымен ұлғайтылады.

Сонымен қатар, сапасыз жоспарлаудың кесірінен ондаған мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізілмей қалады. Бұл ақырында бюджеттік бағдарламалардың сапасыз және тиімсіз атқарылуына әкеп соғады және бағдарламалық құжаттарды жүзеге асыруға

кері әсерін тигізеді. Өз кезегінде, ведомстволардың бірінші басшыларында бюджеттік бағдарламаларды негізсіз жоспарлау мен атқару үшін айқын жауапкершілік жоқ.

Онымен қоса, бюджет қаражатын ұтымды шығындау мақсатымен 2017 жылы заңнамаға бюджеттік процесті жетілдіру бойынша түзетулер енгізілді. Заңның негізгі жаңалықтары бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды жеңілдету және мемлекеттік органдардың дербестігін арттыру болып табылады. Басқа маңызды тармақтар арасында мыналарды айтып өтуге болады:

- ▶ Бюджетті түзету арқылы басқа бюджеттік бағдарламалар арасында тиімсіз пайдаланылған және пайдаланылмаған бюджеттік қаражаттарды қайта бөлу;

- ▶ Квзимемлекеттік секторға бөлінген қаражатты тиімді ету шаралары. Квзимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік қаражатты олардың игерілуі мен жобаларды іске асырудың кезеңділігіне қарай бөлу механизмін қолдану;

- ▶ бюджеттік инвестициялық жобаларды төлемдердің айқындылығын талдау, құрылыс сапасына мониторинг жасау және бюджет қаражатын мақсатты қолданылуына бақылау жүргізу үшін қазынашылық сүйемелдеу.

Мемлекет қаражатын ұтымды қолданудың оң тәжірибесі ретінде Алматы қаласын келтіруге болады, онда 2018 жылы мемлекеттік сатып алу мен жобаларды оңтайландыру кезіндегі үнемдеу есебінен 9,3 млрд. теңге үнемделді. Бұл қаражат, өз кезегінде, сыртқы жарықтандыру желілерін жөндеуге, тұрғын аудандардағы жолдарды салуға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қолдау үшін құралдар сатып алуға (675 адамға тифлотехникалық құралдар, 871 адамға сурдотехникалық құралдар), жұмыссыздарға 50 мамандық бойынша қысқа мерзімді кәсіби курстарды ұйымдастыруға бағытталды.



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

**Сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатын болады.**

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жаңғырту «100 нақты қадам» Ұлт жоспары және сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарын алдын алу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа саясаттың негізін қалаған, елдің 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы аясында жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекеттік сатып алулар саласында жемқорлық

**Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайтуға қол жеткізген жөн.**

тәуекелдерін төмендету бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Биылғы жылы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, бизнес үшін неғұрлым маңызды 16 салада, оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді. Осы жұмыстың нәтижесінде Қаржы министрлігіне сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша 19 ұсыныс енгізілді.

Білім беру саласында 6435 мектепте 5-11 сынып оқушылары үшін «Адал ұрпақ» ерікті клубтар құрылды, оған 956713 оқушы кіреді. Олар мектептік ортадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды ұйымдастырудың негізгі буыны ретінде әрекет етеді.

Осы іс-шараның қорытындысы бойынша Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарында Академиялық адалдық кодексін бекіту туралы мәселені пысықтап жатыр. Кодекс, ең алдымен, жоғары оқу орындары басшылыққа алатын бірыңғай стандарттарды белгілеуге бағытталған. Атап айтқанда:


- ▶ оқу процесінің автоматтандырылған бірыңғай ережесі, сондай-ақ, жатақханадан орын беру сияқты және т.б. процедуралар, олар заңсыз сыйақы берудің кез келген көрінісін, сондай-ақ плагиатты жояды деп күтіледі;

- ▶ кафедра басшыларының, деканаттардың жұмыскерлердің заңсыз жолмен алған игіліктер фактісі бойынша дербес жауаптылығы (моральдық-этикалық, тәртіптік).

2001 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша ресми статистика көрсеткендей, аталған жылдар ішінде 10 мыңнан астам адам (10 391) осы фактілер бойынша айыпталған.

Сонымен қатар, 2017 жылдың соңына қарай Transparency International жемқорлықты аңғару индексіне Қазақстан 122-ші орынды иеленді. Қазақстан орынды Өзірбайжан, Молдова, Либерия, Мали, Непал сияқты елдермен бөлісті. Бір жыл ішінде біздің еліміз 9 сатыға бірден көтерілді, 2016 жылы Қазақстан 29 балмен 131-ші орынға ие болды. Шығыс Еуропа және Орталық Азия аймағы тұрғысында Қазақстан 10-шы орынға ие. Аймақтағы ең жақсы көрсеткіш Грузия, Беларусь және Арменияда. Индексте

Қазақстанна төмен орын алғандар Украина, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан болды. Рейтингтегі ең жоғары орындарды Жаңа Зеландия (89 балл), Дания (88 балл), сондай-ақ Финляндия, Норвегия және Швейцария (85 балл) иеленеді.



***Сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары елдер қызыл түспен, төмен деңгей – сары түспен белгіленген. Қазақстан қызғылт-сары түспен белгіленген. Ресурc: [transparency.org](http://transparency.org)***

Сыбайлас жемқорлықты аңғару индексі, Transparency International, аса үрейлі фактілерді көрнекі көрсетеді: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жаппай жүргізіліп жатқанына қарамастан, көптеген елдер осы күресте өте баяу жылжып келеді. Сыбайлас жемқорлықты ауыздықтау үшін керегі уақыт болса да, соңғы алты жыл ішінде көптеген елдер әрең аяқ алып жатса, кейбіреулері сол орнынан тапжылған жоқ. Индекстің нәтижелерін кейінгі талдау одан сайын үрейлендіреді, оған сәйкес пресса мен үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) неғұрлым осал елдерде, әдетте, сыбайлас жемқорлық деңгейі де тым жоғары.

## ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР АРҚЫЛЫ ФОРМАЛИЗМ МЕН БЮРОКРАТИЯНЫ АЗАЙТУ

Үкімет пен барлық мемлекеттік органдардың жұмысында **формализм мен бюрократияны азайту қажет.**

Ақпарат мемлекеттік органдардың ішкі басқаруында және оның сыртқы байланыстарында маңызды рөл атқарады. Ақпаратты алмасуға мүмкіндік беретін байланыс түрлері төмендегі санаттарға бөлінеді:



**Бірінші түрі** - адамдар арасындағы коммуникациялар. Бұл байланыс түрінде басты міндет - мәліметтер мен ақпаратты бір адамнан екінші адамға жеткізу. Мемлекеттік органдарда тұлғараалық алмасу процесі ең маңызды болып табылады, себебі жақсы дамыған жүйе аздаған өзгерістер енгізуге, жаңа тапсырмаларды іздеуге және белгілеуге мүмкіндік береді. Осының бәрі қызметкерлердің мақсаттары мен міндеттерін

сапалы үйлестіруге мүмкіндік береді. Тұлғааралық қарым-қатынаста кері байланыс маңызды рөл атқарады. Кері байланыс арқылы басшы немесе үйлестіруші байланыстың қаншалықты нақты және тиімді екеніне дұрыс баға бере алады және онысымен сигналдардың жұмысын арттырады.

**Екінші түрі** — шағын топтардағы коммуникациялар. Әдетте, мұндай топтар белгілі бір ақпаратты алатын немесе жолдайтын бірнеше адамнан тұрады. Мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында шағын топтар көбінесе «сектор» немесе «бөлімдер» деп аталады. Секторлар мен бөлімдер мемлекеттік және жергілікті құрылымдар үшін өте маңызды, нақты айтқанда, олардың қызметіне бүкіл мемлекеттік жұмыстың тиімділігі тәуелді болады.

**Үшінші түрі** – қоғамдық коммуникациялар. Бұл қарым-қатынас түрінде бір спикер аудиторияға ақпараттық хат жібереді, онда кері байланыс жоқ деуге болады. Қоғамдық коммуникативтік байланыстар мемлекеттік билік органдары мен муниципалитеттерде кездесулер, конференциялар, салтанаттар мен қарапайым кездесулер түрінде айтарлықтай жиі кездеседі.

**Төртінші түрі** – ішкі жедел коммуникациялар. Бұл мемлекеттің жекелеген жоспарлар әзірлеу түріндегі мақсаттарына қол жеткізуге тікелей бағытталған, бөлім немесе сектор шегіндегі құрылымданған коммуникациялар.

**Бесінші түрі** – коммуникациялық желілер. Желілерді басшылар құрады және байланыстың үш түрінен тұрады: диагональ, көлденең және тік. Осындай байланыстарды басшылар құрады және құрылымдар немесе деңгейлері тең тұлғалар арасында жүргізіледі. Осындай байланыстардың желісі мемлекеттің нақты құрылымын қалыптастырады. Аталмыш құрылымның міндеті - коммуникация ағындарын қажетті бағытқа қою. Егер басшылық қандай да бір желіні дұрыс есептей алатын және құратын болса, онда коммуникациялардың қаншалықты сәтті дамығанын және олардың жалпы мемлекетті басқаруға қалай әсер ететінін көруге болады.



Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы коммуникациялардың мәні келесі сәттерде көрініс береді:

- ▶ коммуникация болмаса шешімдерді әзірлеу және орындау, кері байланысты қамтамасыз ету және мемлекет қызметінің мақсаттары мен кезеңдерін түзету мүмкін емес;

- ▶ коммуникацияның барлық функциялары мен түрлері қызметті жүзеге асырудың қажетті элементтері болып табылады;

- ▶ басшылар мен бағыныштылар коммуникацияларға тиімділікке қол жеткізудің басты шарты ретінде қарауға тиіс.

Осылайша, егер мемлекеттік қызметшілер коммуникацияның барлық қыр-сырына назар аударып, осы салада өздерінің дағдыларын жетілдірсе, онда халықпен жұмыс жылдам және сапалы жүргізілетін болады, ақпарат тарату дұрыс әрі мағыналы болады, көптеген үдерістер жеделдетілетін болады. Осының барлығы мемлекетке сапалы және даярланған кадрларды ұсынады, олар болашақта мемлекеттің тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ете алатын болады.

Сонымен бірге, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кез келген мемлекет кез келген жүйеде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға тырысады. Осындай тиімді мемлекеттік билік халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті болады. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында АҚШ, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия, Аустралия және Канада сияқты елдер әкімшілік реформаны алғашқылардың бірі болып жүргізді. Олардың үлгісіне Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия, Таиланд, кейінірек Бразилия мен Қытай да ерді. Жүйелік әкімшілік реформаларды жүзеге асыру арқылы бұл елдер жылдам және тұрақты өсуді көрсетті.

Әлемдік тәжірибеде соңғы екі он жылдықта дәстүрлі мемлекеттік басқарудан жаңа мемлекеттік менеджментке көшуге байланысты іргелі өзгеріс орын алды, ол басқарудың қолданыстағы әдістері мен тәсілдерінің өзгеруін білдіреді.

Мемлекеттік қызметтердің сапасына баса назар аударылды. Мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мен есеп берушілігі де арта түсті. Осылайша, атқарушы билік органдары тұтынуға көбірек бейімделді, олар ашық бола түсті және азаматтардың қажеттіктеріне жедел жауап беретін болды. Бұл өзгерістердің мақсаты – мемлекетті әлеуметтік тұрғыдан неғұрлым ұйымшыл және күшті ету, оны азаматқа жақындату және елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

## РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІ БАҚЫЛАУ

**Қойылған міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін реформалардың жүргізілуіне бақылау механизмдерін күшейту қажет.**

Мемлекеттік басқарудағы реформалардың іске асырылуына мониторинг жасау тәсілдерін талдау көрсеткендей, халықаралық тәжірибеде аталмыш саладағы реформалар процесіне тұрақты мониторинг жасауға қарағанда, мемлекеттік басқарудың жай-күйіне диагностикалық зерттеулер жүргізетін құралдар көбірек екен.

Халықаралық ұйымдар **мемлекеттік басқару саласындағы** реформаларға мониторинг жасау үшін қолданатын **екі негізгі тәсілді** шартты түрде көрсетуге болады.

### 1. ЭЫДҰ

Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымы (ЭЫДҰ) СИГМА бағдарламасы аясында әзірлеген тәсіл келесі салалардағы реформалардың бастапқы жағдайымен салыстырғандағы ілгерілеуін бағалаудан тұрады:

- ▶ Мемлекеттік қызмет;
- ▶ Саясатты әзірлеу мен іске асыруды басқару;
- ▶ Мемлекеттік шығындарды басқару;
- ▶ Халықаралық қаржы операцияларын бақылау;
- ▶ Сыртқы аудит;

► Мемлекеттік сатып алу.

Мемлекеттік басқарудың тиісті салаларындағы реформалардың мақсаты ретінде бағалау кезінде ЭЫДҰ ұсыныстары ескеріледі, ал көбінесе, әсіресе Еуразиялық одақ (ЕО) құрамына кіруге ниет білдірген елдерге қатысты – ЕО елдерінің стандарттары ескеріледі.

## 2. Дүниежүзілік банк институты

1992 жылдары **Дүниежүзілік банк институты** мемлекеттік басқаруды дамытудың ілгерілеуін бағалаудың баламалы әдістерін әзірледі, сондай-ақ **мемлекеттік басқарудың интегралдық көрсеткіші** әзірленді (Governance Research Indicator Country Snapshot - GRICS).

Бұл көрсеткіш басқару тиімділігін бағалайды және мемлекеттік басқарудың 6 өлшемін көрсететін 6 көрсеткіштен тұрады: дауыс беру құқығы және есептілік; саяси тұрақтылық пен зорлықтың болмауы; үкіметтің тиімділігі; заңнаманың сапасы; заң үстемдігі мен жемқорлықты бақылау.

Нақты елдер деңгейінде мемлекеттік басқару тиімділігінің көрсеткіштері, әдетте, «мақсатты сипатты» қамтиды және белгілі бір мемлекеттік қызметтер көрсету немесе мемлекеттік органдардың қызмет процедуралары мен процестерін жетілдіру саласындағы ұлттық басымдықтардың жетістіктеріне байлаулы болады.

### Ұлыбритания тәжірибесі

Ұлыбританияда мақұлданған мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуге мониторинг жасау тәжірибесі қызықты. Мысалы, Ұлыбританияда Премьер-Министрдің қалауы бойынша барлық мақсаттардың ішінен (100-ден астам) 30-40 ең маңызды тиімділік көрсеткіштері іріктеледі, оларға қол жеткізу Қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету бөліміне жүктеледі (*Жолдауда айтылған Ұлттық жаңғыру офисіне ұқсас*).

### АҚШ тәжірибесі

Жекелеген елдер деңгейінде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне кешенді бағалау жүргізу тәжірибесі.

Бұған АҚШ үкіметі қызметінің тиімділік жобасы үлгі бола алады, оның барысында штаттар, қалалар мен графтықтар әкімшілігіне құжаттарды тексеру, зерттеу және сұхбат жүргізу негізінде келесі салаларда мемлекеттік басқарудың тиімділігі рейтингтері берілді: қаржылық басқару, инвестицияларды басқару, кадрларды басқару, АТ басқару және нәтижеге бағытталған басқару.

## V. СЫРТҚЫ САЯСАТ

**Қазақстанның табысты жаңғыруын қамтамасыз ету үшін бастамашыл белсенді сыртқы саясатты одан әрі жүзеге асыру қажет.**

### Қазақстан мен Ресей



Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылғы 22 қазанда орнатылды және сол уақыттан бері ынтымақтастық барлық салаларда қарқынды дамып келеді. Егер Ресей мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың құқықтық негізін қарастыратын болсақ, 300-ден астам шарттар мен келісімдерге қол қойылғанын атап өту керек. 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт, 1998 жылғы 6 шілдедегі XXI ғасырға бағдарланған Мәңгілік достық пен ынтымақтастық декларациясы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың негізгі құжаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықтың маңызды аспектісі сауда-экономикалық байланыстар болып табылады. Ресей Федерациясы Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Екі жақты тауар айналымының үлесі Қазақстанның жалпы сыртқы сауда көлемінің шамамен 20%-ын құрайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша, 2016 жылғы қаңтар-желтоқсанда ҚР мен РФ арасындағы тауар айналымы 12,6 млрд. долларды құрады және 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,2%-ға төмендеді. Экспорт 3,5 млрд. долларды (-22,9%), импорт - 9,1 млрд. долларды (-18%) құрады. Сауда

теңгерімінің сальдосы: - 5,6 млрд. доллар болды. Ресей 2018 жылдың ақпан айы бойынша Қытай мен Германиямен қатар Қазақстанның басты үш импорттаушылар қатарына кіреді. 2018 жылдың ақпан айында Ресейден импорт 877 171 мың долларды құрады.

Екі ел қарқынды саяси байланыстарды сақтап келеді. ҚР мен РФ арасындағы екі жақты ынтымақтастық экономика, сауда, инвестиция, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, IT-технологиялар, цифрлық экономика, ғарыш салаларында дамып келеді. Сондай-ақ, Байқоңыр ғарыш айлағы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасын байланыстырады. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы «Еуразиялық экономикалық одақ» мүшелері болып табылады.

Өңірлік интеграция. 2010 жылдан бастап Ресей, Қазақстан және Беларусь Кеден одағына бірікті. 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Біртұтас экономикалық кеңістік жұмыс істей бастады, бұл посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестерге қосымша серпін берді. Астанада 2014 жылғы 29 мамырда Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылды, ол 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Қазіргі уақытта ЕАЭО (Еуразиялық экономикалық одақ) - тауар, қызмет, капитал және жұмыс күшінің қозғалысы қамтамасыз етілетін аймақтық экономикалық интеграциялау ұйымы болып табылады. Қазіргі таңда ЕАЭО-ға Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей мүшелік етеді. Аймақаралық іс-шаралардан басқа, ЕАЭО әлемнің Вьетнам, Иран, Қытай және Куба секілді бірқатар елдермен ынтымақтастықты кеңейтеді.

Қазақстан мен Ресейдің өңірлік қауіпсіздік саласындағы жалпы өзара іс-қимылы саяси және құқықтық нормалар мен ҰҚШҰ шеңберінде іске асырылады. Ұйымның тарихы 1992 жылғы 15 мамырдан бастау алады, сол уақытта Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан Ташкент қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (ҰҚШ) қол қойды,

кейінірек оған Өзірбайжан, Грузия және Беларусь қосылды. 2002 жылғы 14 мамырда Мәскеуде өткен отырыста ҰҚШ-ны толық құқылы халықаралық ұйым - ҰҚШҰ-ға айналдыру туралы шешім қабылданды. 2009 жылғы 4 ақпанда Жедел әрекет етудің ұжымдық күштері (ЖӘҰК) құрылды.

Екі елдің аймақтық өзара, сондай-ақ көптеген елдермен әрекеттестігі қарым-қатынастардың кең ауқымын қамтиды. Сонымен, Қазақстан мен Ресей ШЫҰ-ның толыққанды мүшелері болып табылады. Сондай-ақ, ЕҚЫҰ аясында Қазақстан-Ресей қауіпсіздік ынтымақтастығы жүргізілуде. ЕҚЫҰ - Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кең аумақтың 56 елді біріктіретін ірі халықаралық ұйым. Ресей Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету және Астанада мемлекет басшыларының кездесуін өткізу идеясын қолдады.

Қазақстан мен Ресей арасындағы әлеуметтік-мәдени ынтымақтастық саласы екі ел арасындағы қарым-қатынаста құрметті орынды иеленеді. Қазақстандағы Ресей жылы және керісінше, Ресейдегі Қазақстан жылы өткізіледі. Осылайша, 2004 жыл Қазақстандағы Ресей жылы болды, 70 мыңнан астам қазақстандық Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алады. Бірлескен білім беру бағдарламалары да дамыған.



### Қазақстан мен Қытай

Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен стратегиялық ынтымақтастығы барлық бағыттар бойынша белсенді дамып келеді.

Екі елдің көшбасшылары Нұрсұлтан

Назарбаев пен Си Цзиньпин алты жылдың ішінде 18 рет кездесті, бұл екі жақты қатынастардың жоғары деңгейін растайды. Осы кезеңде екі ел арасында жалпы сомасы 67 млрд. доллар болатын 127 құжатқа қол қойылды. Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 2017 жылы 10,5 млрд. АҚШ долларын құрады,

бұл 2016 жылға қарағанда 32,6%-ға жоғары. Ағымдағы жылы 363 млн. доллар көлеміндегі сомаға 6 қазақстан-қытай жобасы пайдалануға енгізіледі.

2017 жылғы үш жылдық құлдырау аясында екі жақты сауда көлемі өткен кезеңмен салыстырғанда 32,6%-ға артып, 10,5 млрд. долларға жетті. Қытай бұрынғысынша екінші ірі сауда серіктесі, ірілігі бойынша екінші экспорттық нарық және қазақстандық тауарлардың ірі импорттаушысы болып табылады.

Сауда басымдықтары тұрғысынан алғанда, Қазақстан Қытай үшін маңызды импорттаушы болып табылмайды: Қытайдың импорттық сатып алуларындағы қазақстандық өнім үлесі шамамен 0,3%-ды құрайды. Оның үстіне, Қазақстан нарығы жалпы Қытай үшін маңызды емес (қытай экспортында 0,4%). Дегенмен, Қазақстан ШҰАА негізгі сауда әріптесі болып табылады және Қытайдың осы аймағында жұмыс істейтін бизнес ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі. Алайда, Шығыс Қазақстан облысында ынтымақтастық, мысалы, ҚР әкімшілігінің қытай тарапына кепілдіктер беруді қаламауы сияқты сын-тегеуріндерге, сондай-ақ жемқорлық факторына кезігеді.

Қытайға экспорттық жеткізілімдердің шикізат бағыттылығы қытайлық тараптың Қазақстанның отын-энергетикалық секторына, оның ішінде энергетикалық ресурстарға сұранысының артуына байланысты инвестициялық мүдделерін негіздейтінін атап өту керек. Қытай Қазақстанның жер қойнауында және қайраңында барлау мен өндіруге, мұнай және газ құбырларының құрылысына, бірлескен кәсіпорындар құруда ірі инвестициялар арқылы Қазақстанның энергетикалық секторындағы қатысуын күшейтіп келеді. Мәселен, 1997 жылдан 2017 жылға дейін Қазақстандағы мұнай-газ жобаларына салынған CNPC инвестицияларының жалпы сомасы 42 млрд. доллардан асты, мемлекеттік бюджетке төленетін салықтың жалпы сомасы - 40 млрд. доллардан асты.

Қазақстан мен Қытай арасындағы индустриялық-инвестициялық ынтымақтастық аясында жалпы құны 26,2



миллиард доллардан асатын 51 бірлескен ауқымды жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл химия өнеркәсібі, тау-кен металлургия секторы, машина жасау, инфрақұрылым, энергетика, ауыл шаруашылығы кешені, жеңіл өнеркәсіп, мұнай өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру және ақпараттық технологиялар саласындағы жобалар. Олардың ішінде қазіргі уақытта 158 млн. доллар сомасына 5 жоба ғана іске қосылды, бұл мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асырудың баяу қарқынын растайды.

Алдағы жылдары Қытайдан Қазақстанға инвестиция ағыны көбінесе «Бір белбеу – бір жол» жобасын жүзеге асыру арқылы анықталады. Қытайдың инфрақұрылымдық серіктес ретіндегі қызметі артатын болады. PriceWaterhouseCoopers болжамы бойынша, 2020 жылға қарай Қазақстан аумағы арқылы тауарларды тасымалдаудың транзиттік әлеуеті жылына жиырма фут эквивалентінде (TEU, контейнерлер) 1,7 млн. бірлікке дейін өсетін болады. Өсу көбінесе «Бір белбеу – бір жол» жобасы бойынша міндеттемелерді орындау есебінен жүзеге асырылатын болады, себебі бастама 2015-2019 жылдары іске асырылатын «Нұрлы жол» бағдарламасымен түйіндестірілген, ал жалпы бюджет 18 млрд. доллардан астам соманы құрайды.

Елдердің ағымдағы жылдың 16 мамырында Астана экономикалық форумы аясындағы Қытай мен Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру барысындағы өзара іс-қимылдың келешегі зор болып көрінеді.

Қытайдың стратегиялық, өркениетті ойлауы оның шекарасында «жалпы тағдырдың қоғамын» құру, сондай-ақ «Белбеу және жол» бағыты жөніндегі стратегиясында көрініс берді. Ресей зерттеушілерінің «Ресей бұл қоғамға кірмейді» деген пікірі есте қаларлық.

Қазақстанда Қытайдың оң имиджін қалыптастыру үшін төрт Конфуций институты жұмыс істейді (Астана, Алматы, Ақтөбе

және Қарағанды), олар білім беру және ақпараттық қызметтер көрсетеді. Конфуций институттарының қазақстандық тарап үшін мәселесі - олардың функцияларының заңнамалық жазылмауы; осы бағытта дипломатиялық арналар арқылы жұмыс жүргізілуде. Қазақстандық 13 мыңнан астам студент қытайдың ЖОО-ларында білім алады.

Қытай өзінің саяси бағыты бойынша Орталық Азия елдерімен, әсіресе, Қазақстанмен аймақтағы негізгі серіктес ретінде тығыз ынтымақтастық етеді. Екі тарап та қызығушылық танытады, алайда Қазақстан үшін осындай қуатты экономикалық және саяси күшейіп келе жатқан көршімен ынтымақтастық кезінде Қытай-Ресей-АҚШ үшбұрышында қалыптасып келе жатқан шиеленісті ескеру қажет. Қытайлық ұсыныстар мен бастамаларда бар барлық көрнекті артықшылықтармен бірге ең алдымен прагматизмді басшылыққа алу және ұзақ мерзімді тәуекелдерді мұқият бағалау қажет.



### **Қазақстан мен АҚШ**

Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарының бірі АҚШ-пен стратегиялық әріптестікті дамыту болып табылады. Қазақстан-Америка қатынастарының құқықтық негізі 70-тен астам мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдерден тұрады. Сауда-экономикалық ынтымақтастық елдердің стратегиялық әріптестігінің негізі болып табылады. 2017 жылдың соңында Қазақстанның Америка Құрама Штаттарымен тауар айналымы 1,636 млрд. долларға жетті, оның ішінде Қазақстаннан АҚШ-қа экспорттау - 392,3 миллион, АҚШ-тан Қазақстанға импорт - 1,244 млрд. доллар болды. Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынасты нығайтудың маңызды кезеңі Қазақстан Президентінің 2018 жылдың қаңтар айындағы Вашингтонға ресми сапары болды, оның барысында «Қазақстан мен АҚШ: ХХІ ғасырдағы

кеңейтілген стратегиялық әріптестік» Бірлескен мәлімдемесіне қол қойылды. Тараптар кеңейтілген жан-жақты стратегиялық серіктестікті құру туралы уағдаласты. Сапар нәтижесінде елдер арасындағы байланыстарды одан әрі нығайту үшін маңызды сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық бойынша 20-дан астам келісімге қол қойылды. Атап айтқанда, инфрақұрылымды дамыту, ауыл шаруашылығы және мұнай-химия салалары, авиация және ғарыштық зерттеулер саласында ірі жобаларды жүзеге асыру туралы айтылды.

2017 жылғы желтоқсанда Трамп әкімшілігі кезінде жаңартылған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында (ҰҚС-2015) «XXI ғасырдың негізгі ықпал ету орталықтары» атауын Орталық Азия мемлекеттерінің жақын серіктестері мен көршілері «АҚШ-тың әлемге ықпалының қауіп-қатерлері» деп өзгертті. Американың энергетикасы, тауарлары мен қызметтері, өмір салты мен құндылықтары Қытай мен Ресей сияқты осындай «әділетсіз және манипулятивті» мемлекеттермен бәсекелесуі керек. Тиімді қарсы тұру үшін дамушы елдерге өздерінің жолдарын ұсыну жоспарлануда. Сонымен қатар, Вашингтон «жекеше капиталды тартып, жекеменшік сектордың белсенділігін арттыруға ықпал ететін» әдістердің пайдасына қарай «жаңа серіктестерді» гранттық қолдаудан бас тартады. Бұл Орталық Азия мемлекеттеріне тікелей әсерін тигізіп, Орталық Азия (ОА) үкіметтері мен қоғамдарына көрсетілетін Американдық қолдаудың құрылымы мен логикасын түбегейлі өзгертуі мүмкін.

Орталық Азия мемлекеттеріне келетін болсақ, Американың қорқынышы аймақтағы «қарсылас күштердің» [Ресей мен Қытай] үстемдік ету үшін күрестегі тұрақтылығымен байланысты, сондай-ақ, олар лаңкестер үшін паналайтын орын болуы мүмкін. АҚШ өзінің лаңкестікке қарсы бастамаларын қолдау турасында аймаққа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Орталық Азия елдерімен жұмыс істеуге міндеттенеді.

Ортазиялық дипломатияның үлкен жетістігі, Трампың кезінде бұрынғы әкімшілік ұсынған «С5+1» форматының

сақталуы, инаугурация өте салып іске қосылған байланыстар мен едістердің аудиті. Алайда, қазіргі америкалық дипломатияның ерекшеліктерін ескере отырып, бұл формат туралы қажетсіз иллюзияны қолданудың қажеті жоқ. ҰҚС-2017 құжатында аймақтың мемлекеттері ықтималды «жаңа серіктестер» ретінде аталған және бұл тәсіл Орталық Азияның Вашингтонмен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі саяси элиталардың ұстамды оптимизмін туындатуы мүмкін.

Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 16-17 қаңтардағы Вашингтонға жасаған ресми сапарының барысында «Қазақстан мен АҚШ: XXI ғасырдағы кеңейтілген стратегиялық әріптестік» атты бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Бұл негізгі құжаттың іргетасы Вашингтонның Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, аумақтық тұтастығы және егемендігін қолдауы болды. Екі елдің көшбасшылары саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге, тереңдетуге және оған жан-жақты көмектесуге, халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселелерді шешуге, соның ішінде лаңкестік пен экстремизмге қарсы тұру, «С5+1» (Орталық Азия елдері және АҚШ) диалогі аясындағы аймақтық ынтымақтастықты нығайту, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру жөнінде бірлескен шаралар қабылдауға келісті.

Мемлекет басшысы мен «Шетелдік жеке инвесторлар корпорациясы» агенттігінің президенті Рэй Уошберннің келіссөздері барысында еліміздің ірі экономикалық жобалары, соның ішінде өткізілген ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі, оның негізінде «Астана» Халықаралық қаржы орталығы құру, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы және көптеген басқа да жобалар талқыланды. Келіссөздердің қорытындысы инвестициялар саласындағы өзара қарым-қатынастарды нығайту және өзара тиімді экономикалық жобаларды жүзеге асыру, оның ішінде «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою турасындағы келісімге келу болды.

Америка Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар бойынша екінші орынды иеленеді. Елімізде АҚШ капиталының қатысуымен «Chevron Corporation», «ExxonMobil», «General Electric», «Halliburton» қоса алғанда энергетика, көлік, инновация, медицина және басқа да салаларда 500-ден астам компания табысты жұмыс істеп тұр. Сапардың сауда-экономикалық күн тәртібінің басты нәтижесі 7 млрд. АҚШ доллары сомасына 24 ірі келісімшарттар мен коммерциялық келісімдерге қол қою болды, олар авиациялық және ғарыштық зерттеулер, мұнай-химия және агроөнеркәсіптік кешен, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту саласындағы жобаларды іске асыруға бағытталды.



### Қазақстан және ЕО

Еуропалық одақ еліміздің сыртқы саудасының үштен бір бөлігін құрайтын Қазақстанның алғашқы сауда әріптесі, ал Қазақстан ЕО үшін аймақтағы басты серіктес болып қала береді.

Жалпы тауар айналымы жиынтығында ЕО-ның Орталық Азияның қалған елдерімен жалпы тауар айналымынан асады (1-сурет) және 2017 жылы шамамен 23 млрд. € болды.

**2016-2017 жж. Орталық Азия елдерінің ЕО-мен тауар айналымы, млрд. €.**



Дереккөз: European Commission, Directorate-General for Trade <http://trade.ec.europa.eu>

Қазақстанның ЕО-ға экспорты толықтай мұнай мен газ секторының өнімдері, пайдалы қазбалар, химиялық өнеркәсіп өнімдері және азық-түлік тауарларынан тұрады деуге болады. Қазақстан ЕО-дан машина және көлік жабдықтарын, дәрі-дәрмек, сондай-ақ химия өнімдерін, пластмасса бұйымдарын, медициналық жабдықтар мен жиһазды импорттайды.

Сонымен бірге, ЕО Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвестор болып табылады: ол Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың 50%-дан астамын құрайды. 350-ден астам жоба ЕО-дан 180 млн. еуро сомасына қаржыландырылды. Бұл жобалар, атап айтқанда, мыналарға бағытталған: (1) өңірлік және жергілікті билік органдарының әлеуетін нығайту; (2) сот реформасын қолдау; (3) әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік сектордың әлеуетін нығайту.

2007-2013 жылдар кезеңінде ЕО-ның Даму мен ынтымақтасуға ықпал ету құралы аясында жалпы сомасы 74 млн. еуро болатын елеулі екі жақты жобалар іске асырылды.

**2012-2017 жж. ҚР мен ЕО арасындағы тауар айналымы, млрд. €**



2015 жылдың 21 желтоқсанында Астана, Еуропалық Одақ және Қазақстан Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Жаңа келісім ЕО-ның Орталық Азиядағы әріптестерінің бірімен қол қойған бірінші келісім болып табылады. КСЫК қабылданғанға дейін ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық негізі 1999 жылғы Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім болып келді.

Қазіргі уақытта ЕО-ның екі флагмандық бағдарламасы жүзеге асырылуда:

- Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуін қолдау (2015-2018 жж., 7,1 млн. еуро): БҰҰ Даму Бағдарламасы жүзеге асырады және Қазақстанның ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық дамуына ықпал етеді;

- Қазақстанда сот төрелігін реформалауды қолдау (2015-2018 жж., 5,5 млн. еуро): шетелдік мемлекеттермен ынтымақтастық жөніндегі Солтүстік Ирландия Ұйымы (NI-CO) жүзеге асырады және сот төрелігі жүйесін ізгілендірудің ұлттық саясатын іске асыруға ықпал етеді.

Орталық Азияға арналған Аймақтық көп жылдық индикативтік бағдарламада екі бағытқа назар аударылады: тұрақты даму (энергетика, қоршаған орта, су ресурстары және әлеуметтік-экономикалық даму) және аймақтық қауіпсіздік (шекараны басқару, есірткі және қылмыспен күрес, құқық үстемдігі және сот реформалары). ЕО 2014-2020 жылдар кезеңінде Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастық жобаларын қаржыландыруға 360 млн. еуро бөледі (оның ішінде Erasmus+ бағдарламасына 115 млн. еуро).

Еуропалық Одақ саясаты мынадай түрде жіктелуі мүмкін:

- Басымдықтар саясаты;
- Аймақтық ынтымақтастық мәселелері.

Бұл жіктеу ЕО саясатының құрылымы мен басымдықтарын түсінуге көмектеседі. Басымдықтар саясаты - ЕО-ның аймақтық елдеріне қатысты ұзақ мерзімді мақсаттары болып табылады: жауапты мемлекеттік басқаруды ілгерілету, заң үстемдігін, адам

құқықтарын, демократияландыруды және білім беруді насихаттау - «ЕО білім мен тәжірибе бөлісуді қалайтын» негізгі салалар болып табылады. Аймақтық ынтымақтастық мәселелері – бұл «қауіпсіздік және аймақтық экономикалық даму» мәселелері. Аймақтық ынтымақтастық мәселелері келесі салаларда көрініс береді: шекараны басқару, көші-қон, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, халықаралық лаңкестікке қарсы күрес, адамдар, қару мен есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес. Сонымен қатар, ЕО аймақтық стратегияны дамыту шеңберінде көршілес елдер - Ауғанстан, Пәкістан және Иранды ескереді. ЕО-ның Орталық Азиядағы стратегиялық саясаты энергетикалық қауіпсіздікті қолдау қажеттігімен де шарттасады.

2017 жылғы 19 маусымда Еуропалық Одақ Кеңесінің Бас хатшылығы министрлердің Люксембургтегі кездесуінде Еуропалық Одақтың Орталық Азияға қатысты стратегиясы бойынша жаңа тұжырымдама қабылдады. Еуропалық сыртқы саясаттың ОА-ға қатысты жаңа стратегиялық тұжырымдамасы 2019 жылға қарай ЕО-ның сыртқы саяси стратегиясын тұжырымдауы керек. Стратегияның атауы: «ЕО Стратегиялар жөніндегі кеңесінің Орталық Азияға арналған қорытындысы». Құжатқа сәйкес ынтымақтастықтың басым бағыттарын анықтауға болады: құқықтану, қауіпсіздік және энергетика.

Еуроодақ Орталық Азия елдерін стратегиялық серіктестікті жүзеге асыруда белсенділік танытуға шақырады. Стратегияда келесі маңызды аспектілер ерекшеленеді, оның ішінде: 1) демократияны нығайту, 2) негізгі бостандықтар, 3) заңның үстемдігі, 4) құқықтық жүйенің тәуелсіздігі, 5) экономиканы жаңғырту және әртараптандыруға бағытталған реформаларды алға жылжыту. ОА елдері дамудың біршама бөлек саяси-экономикалық моделін қамтитыны және қалыпты екі жақты ынтымақтастықты сақтау үшін жаңалықтар мен реформалар қабылдау қажеттігі дипломатиялық тілмен айтылған.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық үш негізгі бағытқа бөлінеді: бірінші - экстремизмге қарсы тұру; екінші -



трансшекаралық мәселелер; үшінші - Ауғанстанның тұрақтануы және қатысуы. Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың бірінші аспектісі 1) зорлықшыл экстремизмнің алдын алу (радикалдану мен комбатанттар есебімен) және 2) лаңкестіктің алдын алуға баса назар аудара отырып, қарсы тұруды қамтиды. Кеңес «радикалдануды төмендету бойынша нақты деректер мен іс-қимылдарға негізделген тәсілдердің нұсқаулары үшін радикализмді қозғаушыларды ашу үшін» зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыруды ұсынады. Қауіпсіздіктің екінші аспектісі адам саудасы, заңсыз қару-жарақ айналымы, көші-қон және есірткі тасымалына қарсы күресте шекараларды тиімді басқаруды қамтиды. Үшінші қауіпсіздік аспектісі «Орталық Азия елдерімен аймақтық қауіпсіздікті одан әрі дамытудың еуропалық анықтамасы Ауғанстанды қарқынды тарту арқылы нығайтылатын болады және осылайша Орталық Азиядағы көршілестікті тұрақтандыру жөніндегі күш-жігерге ықпал етеді» деп белгілейді.

Қазақстан-еуропа қарым-қатынастары ЕО-ның екі тараптың мүддесіне сай келетін көп жақты аймақтық ынтымақтастық шеңберінде Қазақстанмен толыққанды қарым-қатынастар орнатуға деген терең ынтасымен сипатталады.



### **Қазақстан – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі**

Қазақстанды 2017-2018 жылдарға арналған Азия-Тынық мұхиты мемлекеттері тобының атынан Біріккен Ұлттар Ұйымы

Қауіпсіздік Кеңесінің (БҰҰ ҚК) тұрақты емес мүшелеріне сайлауы еліміздің маңызды жетістігі және мемлекеттің бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелерін халықаралық деңгейде реттеудегі маңызды рөлін мойындау болып табылады.

Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелігі кезеңінде келесі басымдықтарды анықтады:

- ядролық қарудан азат әлем құру;
- жаһандық соғыс қаупін жою және аймақтық шиеленістерді реттеу;
- аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайта отырып, Орталық Азия мүдделерін ілгерілету;
- лаңкестікпен күрес;
- Африкадағы бейбітшілік пен қауіпсіздік;
- қауіпсіздік пен тұрақты даму арасында ажырамас байланысты қамтамасыз ету; сондай-ақ,
- Қауіпсіздік Кеңесінің және бүкіл БҰҰ жүйесін ХХІ ғасырдың қауіп-қатерлері мен сын-тегеуріндеріне бейімдеу.

Қазақстанның 2018 жылдың қаңтарында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалығы аясында 30 кеңес, соның ішінде кеңестер, брифингтер, пікірталастар өткізілді. Осы іс-шаралардың қорытындысы бойынша қарарлар мен мәлімдемелер қабылданды.

Бұдан басқа, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етуі барысында бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді, оның ішінде 2018 жылғы 18 қаңтарда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен «Жаппай қырып-жою қаруын таратпау: сенім шаралары» тақырыбындағы жоғары деңгейлі тақырыптық брифинг және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановтың төрағалық етуімен ағымдағы жылдың 19 қаңтарында «Ауғанстан мен Орталық Азиядағы аймақтық әріптестікті қауіпсіздік пен дамудың өзара тәуелділігі үлгісі ретінде құру» тақырыбына министрлік пікірталас өткізілді. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің алаңында ядролық қаруды таратпау, лаңкестік және экстремизммен күрес бойынша маңызды бастамалар ұсынды. Атап айтқанда, БҰҰ-ның штаб-пәтерінде 2018 жылдың қаңтарында Қазақстан көшбасшысының бастамасы бойынша Лаңкестіктен азат әлемге қол жеткізу

мінез-құлық кодексінің жобасы таныстырылды. Стратегиялық құжаттың басты мақсаты лаңкестікке қарсы серіктес елдердің кең халықаралық коалициясын құру және 2045 жылға қарай БҰҰ-дың жүз жылдығы қарсаңында лаңкестіктен азат әлемге қол жеткізу болып табылады.

КХДР денуклеаризациялаудың жол картасын дамыту туралы қазақстандық бастаманы атап өту керек. Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шеңберінде Орталық Азияның мүддесін алға жылжытуға жәрдемдесу және ықпал ету, Тұрақты даму мақсаттарына, жаһандық қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндерге қарсы тұру және БҰҰ реформалары бойынша белсенді жұмысын жалғастыруы келешекті болып көрінеді.



### **Сирия жөніндегі Астана үрдісі**

Қазақстанның бейбіт үрдістердің халықаралық деңгейдегі қауіпсіздігін нығайтудағы белсенді қатысушысы ретіндегі үлесі маңызды болып табылады. Осыған байланысты Сириядағы дағдарысты шешудегі Қазақстанның ерекше рөлін атап өту керек. Женева процесінің бөлігі болып табылатын Астана процесі келіссөздер үшін тиімді алаң болды. Астанадағы кездесулердің негізгі жетістігі Сирияның оңтүстігі, Шығыс Гута, Хомс провинциясының солтүстігінде және Идлиб провинциясындағы төрт оңалту аймағын құру болды, бұл Сириядағы соғыс қимылдарының ауқымын төмендетуге және зорлық-зомбылықты азайтуға ықпал етті. Астана форматындағы Сирия мәселесі бойынша келіссөздердің оныншы раунды аясында, 2018 жылғы 30-31 шілдеде Сочиде елдегі бітімгершілікті ұзарту, конституциялық комиссия мен сотталғандарды босату мәселелері талқыланды.

Қазіргі уақытта 2017 жылдың қаңтар айынан бастап желтоқсан айына дейінгі аралықта өткізілген Сирия жөніндегі Астана үрдісінің сегіз раунды оқиғалар желісін түбегейлі өзгертіп, соғысушы тараптар арасындағы ауқымды қарулы қақтығыстардың тоқтатылуына қол жеткізуге мүмкіндік берді деп қорытындылауға болады.

2017 жылдың қаңтарында келіссөздердің бірінші раундының басты нәтижесі – кепілдік беруші елдер – Ресей, Түркия және Иранның – атысты тоқтату режимінің толық сақталуын қамтамасыз ету және мониторинг жасау, арандатудың алдын алу және қарулы топтардың тоқтау режиміне қосылуының талаптарын айқындау бойынша үш жақты механизм құру туралы шешім болды.

Астана үрдісінің кезекті маңызды кезеңі 2017 жылы 4 мамырда Сириядағы деэскалация аймақтарын құру туралы меморандум болды, оған сәйкес Идлиб, Латакия, Хама, Алеппо, Хомс және Дамаск маңындағы Шығыс Гута провинцияларында, сондай-ақ Дераа және Эль-Кунейтра оңтүстік провинцияларында әскери іс-қимылдар толығымен тоқтатылды. Осындай деэскалация аймақтарының шекарасында қауіпсіз және кедергісіз гуманитарлық қолжетімділік қамтамасыз етілді, халықты медициналық қамтамасыз ету және азаматтардың негізгі қажеттіктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасалды, инфрақұрылым объектілерін, ең алдымен су және электр қуатымен жабдықтауды қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданды, босқындар мен ел ішіндегі қоныс аударушылардың қауіпсіз, ерікті түрде қайтарылуына жағдай жасалды.

Келіссөздердің барлық раундтарында әскери сарапшылар қарулы оппозицияны лаңкестік топтардан ажырату бойынша жұмыстарды қатар жүргізді, бұл сайып келгенде кепілдік беретін елдерге халықаралық лаңкестікке қарсы күресті күшейтуге мүмкіндік берді.

Астанадағы келіссөздердің желтоқсандағы соңғы раунды барысында «Тұтқындарды босату, қаза тапқандардың денелерін

табыстау, із-түзсіз жоғалғандарды іздестіру бойынша жұмыс тобын құру туралы» ережеге қол қойылды. Келісімдерге сәйкес, құрамына кепілдік берген елдердің өкілдерінен басқа, БҰҰ қызметкерлері кіретін жұмыс тобы құрылуда. Онымен қоса, кепілдік беруші елдер тараптарға өздерінің ықпалын қолдануға міндеттенеді, сонда олар кез келген жағдайда қамаудағыларға адамгершілікпен қарауға кепілдік береді.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 29-30 қаңтарында Сочиде Сирия ұлттық диалогі конгресі өтті, оны өткізу туралы шешімді 2017 жылдың желтоқсан айында Астана үрдісінің барысында кепілгер елдер қабылдаған болатын. Конгрестің негізгі нәтижесі - БҰҰ-ның Сирия бойынша арнайы өкілі Стаффан де Мистураның жетекшілігімен конституциялық комиссия құру, ол елдің жаңа Конституциясы бойынша жұмысын бастауға тиіс. Конгрестің қатысушылары айтып өткендей, оны өткізу Астанадағы келіссөздер арқылы мүмкін болды.

Бүгінде барлық мүдделі тараптар Сириядағы дағдарыстың түпкілікті саяси шешілуіне қол жеткізу қажеттігі туралы ортақ пікірде. Дегенмен, біз осы уақытқа дейін жанжалға тартылған тараптар арасындағы сенімнің болмауы бейбіт процесіне қауіп төндіретін іргетас болып табылатынын мойындауымыз керек. Сенімнің болмауы Астана алаңындағы келіссөздерге де бірнеше рет қауіп төндірді, әсіресе, кездесулердің алғашқы раундтары кезінде, ол кезде тараптар қайшылықтарды үлкен қиындықпен еңсерген еді. Нәтижесінде, Қазақстан келіссөздер процесіне тікелей қатыспағанына қарамастан, бізге келіссөздерге қатысушылар арасындағы қайшылықтардың ауырлығын төмендету үшін елеулі дипломатиялық күш-жігер жұмсауға тура келді.

Сирия дағдарысының күрделілігі, осы елдегі шиеленісті қайта-қайта эскалациялау есебімен САР-дағы әскери жағдайды реттеу жөніндегі Астана үрдісі, сирияны реттеудің саяси мәселелерін шешуді көздейтін Женева үрдісімен қатар жалғасады.



## Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция.

2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Әзірбайжан

Президенті Ильхам Әлиев, Иран Президенті Хасан Роухани, Ресей Президенті Владимир Путин және Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтың қатысуымен өткен Каспий маңындағы мемлекеттер басшыларының V саммиті аясында тарихи құжат - Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қоюы маңызды оқиға болды. Осы құжаттың қабылдануы бойынша серіктес елдердің келіссөздері 22 жыл бойы өткізілді. Негіз қалаушы құжат Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін белгілейді. Негізгі халықаралық шарт қажетті айырмашылықтар, жүк және балық аулау режимдері, елдердің әскери-саяси ынтымақтастығы мәселелерін реттейді және Каспий теңізін бірлесіп пайдалану ережесін белгілейді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау процесі екі он жылдықтан астам уақытқа созылды. Бұл басқа шекаралық мәселелер ауқымында, ең алдымен, резервуардың бірегейлігіне байланысты елеулі уақыт алды. Каспий, географиялық өлшемдер бойынша – әлемдік мұхитпен байланысы жоқ, әлемдегі ең ірі тұзды өзен. Алайда, саяси тұрғыда оны ішкі теңіз ретінде қарастыру әбден заңды болады, өйткені бір кезеңде Каспийде Иран (Парсы) және Ресей (Кеңес одағы) сияқты екі ойыншы ғана болды.

Одан бері жағдай көп өзгерді: Каспий теңізінің жағалауында тәуелсіз мемлекеттердің саны беске жетті және басты мәселе - әлемнің саяси картасында жаңадан пайда болған мемлекеттер үшін түбегейлі маңызы бар энергетикалық ресурстарды өндіру және тасымалдау болып табылады:

	2004	2006	2008	2010	2012	2014	Δ2004-2014 <sup>1</sup>
Иран	208,2	209,2	214,5	208,7	177,3	169,2	-1,88
Ресей	463,3	485,6	493,7	511,8	526,1	534,1	1,53
Қазақстан	59,5	65	70,7	79,5	79,2	80,8	3,58
Әзербайжан	15,5	32,3	44,5	50,8	43,4	42	17,1
Түркменстан	9,6	9,2	10,3	10,7	11	11,8	2,29
Каспий аймағының бавлық елдері	756,1	801,3	833,7	861,5	837	837,9	10,8

*Каспий аймағы елдеріндегі мұнай өндіру динамикасы, 2004-2014 жж.  
(British Petroleum Review of World Energy 2015)*

Қазақстанның бүкіл келіссөздер үрдісінің барысында тұжырымдамалық ұстанымы, теңіз түбін және қойнауларын каспий бестігі арасында әр мемлекеттің минералды ресурстарды барлау мен игеруге, сондай-ақ кабельдер мен құбырларды өз бөлігіне жүргізуге қатысты ұлттық юрисдикциясы мен эксклюзивті құқықтары болатындай етіп межелеуден тұрды. Қазақстанның бастапқы ұстанымы бойынша, Каспий теңізі – бұл «тұйық теңіз». Бұл дегеніміз, ондағы құқықтық режим БҰҰ-ның 1982 жылғы Теңіз құқығы туралы Конвенциясы арқылы реттелуі керек. Қазақстанның Каспий мәселесіне деген көзқарасының тұрақтылығы, сондай-ақ қазақстандық тараптың көптеген ұсыныстары өткен жылдың желтоқсан айында келісілген Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның жобасына енгізілуі, бұл позицияның теңдестірілген және барлық тараптардың мүдделерінің теңдестігін іздеу қажеттілігін ескерген екенін көрсетеді.

Конвенцияға қол қою және оны одан әрі ратификациялау Каспий теңізіндегі болжамды қатынастардың кепілі болады. Атап айтқанда, негізгі құжатта мыналар белгіленеді:

- Каспий бейбітшілік, тату көршілік және достық аймағына айналады және тараптар бейбіт мақсаттарда ғана пайдаланады;
- тараптар бір-бірінің егемендігін және аумақтық тұтастығын құрметтейді;

- теңізде үшінші тараптардың қарулы күштерінің болуына жол бермеу;

- су аймағын әртүрлі режимдегі аймақтарға бөлу;

- аумақтық сулардың ені (және сол мезгілде мемлекеттік шекара) 15 теңіз милясын құрайды, одан кейін он милялық балық аулау аймақтары, әр мемлекеттің кәсіпшілікке ерекше құқықтарымен бірге;

- бүкіл су айдынында балық аулау көлемін ұлттық квоталау;

- ортақ су кеңістігі және балық аулау аймақтарының шекарасынан тыс еркін теңізде жүзу;

- басқа теңіздер мен Әлемдік мұхитқа транзит еркіндігі;

- егемен төменгі секторлар шекарасында жер қойнауын пайдалану құқығы;

- экологиялық талаптардың сақталу шартымен, теңіз түбіне магистралдық құбыржолдар мен кабельдер жүргізу мүмкіндігі;

- Сыртқы істер министрліктері деңгейінде бес жақты тұрақты консультациялар механизмі.

Конвенциядан бөлек, лаңкестікке және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, инциденттердің алдын-алу, шекара ведомстволарының өзара әрекеттестігі, сауда-экономикалық және көлік ынтымақтастығы сияқты салаларда өзара іс-қимылды реттейтін тәжірибелік құжаттар қабылданды.

Ақтау саммитінің қорытындысы серпінді болуына қарамастан, мемлекеттер елеулі пысықтауды талап ететін маңызды міндеттерге тап болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев саммитте бірнеше ұсыныс жасады:

- әскери қызмет саласында сенімділік шаралары бойынша бес жақты келісім жасау;

- инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту және энергетикалық және барлау салаларындағы жобаларды іске асыру контекстінде Конвенцияның және қол қойылатын құжаттардың мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет;

- тарифтік саясатты оңтайландыру және Конвенцияға мүше елдердегі тасымалдау жағдайларын жақсарту;



- биологиялық ресурстарды заңсыз аулауға қарсы күресу бойынша жеке құжат қабылдау.

Жалпы алғанда, Ақтау саммиті Каспий қатынастарын реттеу үрдісіндегі маңызды қадам болды. Бес мемлекеттің әрқайсысы қабылданған шешімдерден маңызды саяси дивидендтер алуға үміттенеді. Мәселен, Каспий мәселесі бойынша жоғары деңгейлі белгісіздіктің арқасында жабық күйінде қалған логистикалық жобалар жаңа оқылымға ие болады деп сенуге барлық негіз бар. Теңіз түбінің көршілес елдермен шектелуін дерлік аяқтаған Қазақстан үшін басты мәселе - ішкі елдердің Дүниежүзілік мұхиттағы транзит еркіндігі туралы шешім, бұл еліміздегі транзит әлеуетін арттыру турасындағы жалпы стратегиямызға сәйкес келеді.

## VI. АЗАМАТТАРДЫҢ РЕФОРМАЛАРҒА АТСАЛЫСУЫ

**Әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс. Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғамымыздың ортақ мақсатқа жұмылуы аса маңызды.**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында айтылғандай, Қазақстандағы өзгерістер процестері әрбір қазақстандықтың атсалысуын және бүкіл халықтың, қоғамның ортақ мақсатқа жұмылуын талап етеді: «Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында ғана біз ұлы асуларды бағындыра аламыз». Бұл мәселеге Қазақстанның Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Жолдаудың «Әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерістеріне атсалысуы» атты жетінші бөлімін арнады.

Қазақстан қазіргі жағдайларда тиімді жаңғыртуды жүзеге асыру үшін келесі **қағидаларды** ұстануға тиіс:

– Қазақстан экономикасының негізі ретінде Қазақстандағы нарықтық қатынастарды дамыту жағдайында, осы нарықтық қатынастарға байланысы жоқ идеологиялық модельдерді құрудың маңызы жоқ әрі тиімсіз. Идеологемалар материалдық мүддеге «байланған» болуы керек. Адам идеологиялық доктринаны іске асырудан болатын материалдық (ең алдымен – жеке басы) олжаны көруі керек;

– сананы жаңғырту үшін елде халықтың лайықты ақы төленетін жасампаз еңбекпен айналысуға мүмкіндігі болатын жағдай жасалуы қажет. Халықтың қандай да бір идеологиялық императивтерді қабылдауы, осындай императивтердің әсерінен жүзеге асырылатын күнделікті тәжірибе әрбір адамға

нақты пайда әкелуі керек. Егер адам идеологиядан пайда көрмесе, онда ол сенімсіздік пен өмірге қанағаттанбау сезімін тудырады;

– Қоғамдық сананы жаңғырту «Рухани Жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының идеологиялық тұжырымдамалары қазақстандық халықтың сенімін алып, күнделікті өміріне кіруі керек. Өзгертілген күнделікті тәжірибелер мен мінез-құлық модельдері тіркелген кезде ғана, қоғамдық сананың өзгеруі немесе оның жаңғыруы туралы айтуға болады;

– «Рухани жаңғыру» шын мәнінде «халықтық бағдарлама» болуы үшін оны жүзеге асыруға ең төменгі деңгей - әрбір елді мекен деңгейінде жергілікті қауымдарды тарту керек. Сонымен бірге, бұл жергілікті қауымдар «Рухани жаңғыру» жобаларын іске асырудың нақты артықшылықтары мен пайдасын көруі керек. Мысалы, «Қазақстанның сакральды географиясы» жобасын іске асыру туризмді кеңейтуге және қандай да бір елді мекендерге туристер ағынын тартуға ықпал етуі керек, демек жергілікті экономикаға қаржы салымдарын арттыру.

Осы бағытты іске асыру өзара байланысты тапсырмалар жиынтығын қалыптастыруды және шешуді қамтиды. Мемлекет басшысы өз жолдауында Қазақстан халқын шоғырландыруға бағытталған төрт басым бағытты атап өтті.

1. **Ағарту жұмысы.** Қазақстан Президенті – Елбасымыз айтқандай, «әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс».

Мемлекеттік органдар, орта және жоғары білім құрылымдары Қазақстанда жүзеге асырылатын мемлекеттік құрылыс үлгісі мен елде жүзеге асырылатын әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық реформалар туралы белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізуі керек. Қазақстандықтарда елде болып жатқан нәрселер туралы, еліміздің қандай бағытта дамып келе жатқаны және, ең бастысы, бұл әрбір азаматтың өмірі мен әлауқатына қалай әсер етіп жатқаны мен болашақтағы әсері жайлы

біртұтас көзқарас қалыптасуы керек. Белгілі бір оқиғалар мен ауытқулар Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында айтылған елді дамытудың стратегиялық жоспарын көлегейлемейі керек.



2. **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** аясында қоғамдық сананы жаңғырту бойынша одан әрі жұмыс істеу.

Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша келесі жобалар іске асырылуда:

- **«Туған жер» әлеуметтік бағдарланған жобасы**, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға, жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге, тарихи-мәдени мұраны қорғауға, инфрақұрылым объектілерін салу мен жөндеуге, мектептерді заманауи жабдықтауға бағытталған. Басталған сәттен бері бүкіл ел бойынша 700-ден астам жоба іске асырылды; меценаттардан 51 млрд. теңгеден астам демеушілік көмек алынды; 735 нысан жайластырылып, қалпына келтірілді. Жалпы алғанда «Туған жер» жобасы аясында 1438 нысан пайдалануға берілді. Әлеуметтік жобалар белсенді түрде жүзеге асырылуда. Осылайша, бағдарламаның арқасында жергілікті бизнес өкілдері мен қоғам қайраткерлерінің бастамашылық етуімен мектептер, саябақтар, спорт алаңдары салынды. Бірқатар экологиялық акциялар іске қосылды. Мысалы, Астана қаласында және қала маңындағы аумақта «Туған мекен» экологиялық акциясы, Павлодар облысында, «Жастар таза қала үшін» жобасы ұйымдастырылды, еліміздің әрбір өңірінде осындай шаралар өткізіліп жатыр.

Жоба аясында 2017 жылы 1700 астам меценаттардың көмегімен жалпы сомасы 51 млрд теңге болатын 700 астам әлеуметтік нысандар салынды және жөндеуден өтті.

2018 жылы құны 61 млрд болатын 450 астам нысандар салынады және жөндеуден өтеді деп жоспарлануда.

- **«Қазақстанның сакральды географиясы» жобасы**, ол Қазақстандағы сакральды объектілерді жүйелендіру бойынша іргелі ғылыми зерттеулер сериясына бастау болды. Жобаны іске асыру үшін жалпы ұлттық маңызы бар сакральды объектілер бойынша 3D-турлары бар сакральды объектілердің виртуалды картасы әзірленді; жалпы ұлттық деңгейдегі 185 тарихи маңызы бар объектілер мен 500 өңірлік объектілер анықталды; жалпы ұлттық (185 позиция) және аймақтық (463 позициялар) құндылықтар объектілерінің тізімі жасалды, оның ішінде жалпы ұлттық маңызы бар сакральды объектілерге 3D-турлар жасауға мүмкіндік беретін виртуалды карта түрінде; «Қазақстанның ұлттық сакральды объектілері» кітабы және «Сакральды Қазақстан» энциклопедиясы шығарылды. 2018 жылы «Алматыдағы Боралдай Сақ қорғандары» археологиялық паркі таныстырылды, «Бозоқ», «Ботай» және «Сарайшық» республикалық мұражай-қорықтар құрылысы басталды. Бұдан басқа, Қазақстанның мәдениеті мен тарихы туралы деректі фильмдер жинағы жасалды, олар «BBC World News», «Discovery», «Viasat history» және «National Geographic» телеарналарында көрсетілетін болады.

- **«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы**, қазақстандық мәдениетті шетелде насихаттау бойынша жүйелі жұмыс жасауға бағытталған. Осы жобаның шеңберінде ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде Рухани жаңғыру

бағдарламасының тұсаукесері өткізіліп, 13 мың қазақ музыкалық туындысына цифрлық қолжетімділікті қамтамасыз ететін және келешекте Қазақстандағы музей қорларын цифрландыруды қарастыратын Dalatunes жобасы жүзеге асырылды. «Театр зертханасы» жобасы іске асырылуда. «Әдебиет», «Театр, кино және хореография», «Классикалық және дәстүрлі музыка» және «Бейнелеу өнері» сияқты 4 жанр бойынша шорт-парақша жасалды; жаңа дарынды авторларды және шығармаларды анықтауға бағытталған «Рух» атты бірінші халықаралық әдеби конкурсы ұйымдастырылды; әлем бойынша шамамен 20 шетелдік турлар, көрмелер және мәдени іс-шаралар өткізілді. Мысалы, отандық кинематографты танымал ету мақсатында АҚШ және Италияда жеті кинокартина көрсетумен, Қазақ киносының күндері өткізілді.

- **«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы**, еліміздің дамуына үлес қосқан қазақстандықтарды анықтауға және құрмет көрсетуге бағытталған имидждік іс-шара. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыру аясында бүкілхалықтық онлайн дауыс беру әртүрлі қызмет салаларының өкілдері болып табылатын 102 жеңімпазды анықтады.

<b>Спорт – 13 жеңімпаз</b>	<b>Ғылым - 18 жеңімпаз</b>	<b>Мәдениет – 10 жеңімпаз</b>
<b>Медицина – 18 жеңімпаз</b>	<b>Кәсіп – 13 жеңімпаз</b>	<b>Қоғам – 30 жеңімпаз</b>

Жеңімпаздар қатарында «Атамекен» ҰКП төрағасының орынбасары Нұржан Өлтаев, жетекші қазақстандық ауылшаруашылық серіктестігінің басшысы Геннадий Зенченко, Қазақстан ұлттық футбол командасының капитаны Бауыржан

Исламхан және жас кәсіпкер, алғашқы қазақстандық сағат шығаратын компанияның негізін қалаушы Арман Тоқсанбаевты атап өтуге болады. Дауыс беруге барлығы 340 мыңнан астам қазақстандық қатысты, фавориттерге 1 миллион 376 мың дауыс берілді. 2017 жылғы 1 желтоқсанда Мемлекет басшысы жобаға қатысушылармен кездесті.

